



SAQSHY



№32
(4582)



www.polisia.kz

Газет 1933 жылдан бастап шығады

Бейсенбі, 30.04.2020

Әдетте, мамыр айы басталғанда қазақстандықтар ерекше қуанатын. Оған себеп – біздің басқа ұлттармен достығымызды, татулығымыз бен бірлігімізді айшықтай түскен ынтымақтастық күнінің көктемнің соңғы айының алғашқы күнімен тұспа тұс келуі еді. Алайда биыл көптеген мереке қалың бұқарамен емес, әркімнің өз шағын мемлекеті төңірегінде ғана аталып өтіп жатқаны көңілге кірбің түсіреді. Десе де бұл еліміздегі ең жарқын және мерейлі мейрамдардың бірі болып қала бермек.



Береке бастауы – бірлік

Нұржайнат ХАМЗАЕВА,
Нұр-Сұлтан

«Ынтымақ пен бірлік бастауы болып неге 1 мамыр тандалды?» деген сауалға жауап беру үшін тарихқа көз жүгіртсек. Қазақстан аумағында тұрып жатқан 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің киелі қара шаңырақта тату-тәтті өмір сүруі үшін береке мен ынтымақ, бірлік пен бейбітшілік аса қажет. Сондықтан бұл мейрамның маңызы зор. Сонымен күнтізбенің бесінші айының бірінші күнін тойлау дәстүріне қандай тарихи оқиғалар себеп болды?

Мерекенің кешегі өткен тарихына көз жүгіртсек, 1 мамыр мейрамын алғаш ойлап тапқан большевиктер, Чикагода ереуілге шыққан жұмысшылар емес екен. Мереке тарихының тамыры тереңде жатыр.

Үш мың жыл бұрын ежелгі Италия тұрғындары жердің қамқоршысы әйел құдай Майяға табынған. Соның құрметіне көктемнің соңғы айын «май» деп атап, осы айдың бірінші күнінде серуендер өткізіп, тойлар жасады. 1 мамыр мерекесінің тарихы Еңбекшілердің ынтымақтастығы күні ретінде 1889 жылдың шілдесінен бастап атап өтіле басталды. 1886 жылдың 1 мамырында АҚШ-тың жұмысшылары 15 сағаттық жұмыс күніне қарсы ереуіл ұйымдастырып, зауыт басшыларынан жұмыс күнін 8 сағат деп белгілеуді талап еткен. Наразылық білдіру әрекеттері төрт күнге созылды. Нәтижесін де ереуілге қатысқан жүздеген адамдар тұтқындалып, алты жұмысшы мерт болды, 50 адам жарақат алды. Жұмысшылар үшін

тіпті, мұның өзі кедергі болмады. 1889 жылдың маусымында Париждегі 2 – Интернационалдың 1 – Конгресі 1 мамырды – 8 сағаттық жұмыс күні үшін Халықаралық күрес күні немесе Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастық күні деп атау туралы шешім шығарды. Ресей империясында бұл мейрам 1890 жылы жұмысшылардың ереуілге шығуы ретінде аталып өткен. Бір жылдан кейін Петербург қаласында бірінші «маевка» (еск.: төңкеріске дейінгі Ресейде еңбекшілердің революциялық құпия жиналысы) ұйымдастырылды. 1897 жылдан бастап «маевкалар» саяси сипатқа ие болып, жаппай демонстрациялармен қатар өтті. 1917 жылдың 1 мамырында бұл мереке алғаш рет ашық тойланды. Елдің барлық қалаларындағы миллиондаған жұмысшылар Коммунистік партияның «Барлық билік кеңестерге берілсін!», «Министр-капиталистердің көзі жойылсын!» деген плакаттарымен алаңға шықты.

Кеңес Одағында Еңбекшілердің ынтымақтастық күні мемлекеттік мереке болып табылып, сән-салтанатпен атап өтілді. 1 және 2 мамыр күндері демалыс күндері болды. Қазіргі таңда Ресейде бұл мейрам өзінің бастапқы саяси мағынасынан айырылып, Көктем және еңбек күні болып саналады. 1 мамыр мерекесі 1990 жылы Еңбекшілердің ынтымақтастық күні ретінде тойланды.

Тәуелсіз Қазақстанда мейрам 1996 жылдан бастап тойланады. 1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі күні деп жариялау туралы бұйрыққа Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылдың 18 қазанында қол қойып, Еңбекшілер күнін тойлаудан бас тартты. Бұл күні Қазақстан Республикасында тұратын халықтарды бірлікке, ынтымаққа ұйытатын мерекелік шаралар

өткізіледі. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Елде 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Қазақстан халқының бірлігі күні қалай атап өтіледі? Ән айтылып, би биленеді.

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне қатысқан адам бұл мейрамның ауқымын біледі. Мерекеге әр түрлі мәдени орталықтар атсалысады. Олардың мақсаты – Қазақстан халқын өзге халықтардың дәстүрлерімен таныстыру. Мейрамға еңбек ұжымдары, ЖОО студенттері, әр түрлі қоғамдық бірлестіктердің өкілдері белсенді қатысады. Балабақша бүлдіршіндерінен бастап аталмыш мерекені тойлауға үлкен-кішінің бәрі жұмылатын. Мектеп оқушылары арасында да мейрам танымалдылыққа ие, себебі бұл күні әр сынып түрлі ұлттардың ұлттық киімін киіп, әнін шырақ, биін билейтін. Ал сол ұлттың ұлттық тағамын әзірлеу аяулы аналардың еншісіне бұйыратын. Осылайша ұрпақтар сабақтастығы да, ұлттар достастығы да жалғасын тауып келеді.

Қазақ халқы – ежелден бауырмал, қонағын Құдайындай сыйлайтын кең көңіл иесі. Сондықтан біз әлем халықтарына құшағымызды жайып, бір аспан астында тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Әрқайсымыздың өзге ұлттың өкілі саналатын көршіміз бар шығар, ата-анамыз әрдайым көрші хақысы – Тәңір ақысы деп айтып отырады. Бұл да сыйластықтың, өзгенің тілін, дінін, салт-дәстүрін құрметтеуге бастайтын тәлімнің бір түрі деп білеміз.

«Бұрыс қайда барсың? Ынтымаққа барамын!» дейді халық әпсанасы. Сондықтан да «Бұрысымыз мол, ынтымағымыз жарасымды болсын!» деп тілеп, барша қазақстандықтарды Халықтар достығы күнімен құттықтаймыз!

Суреттер ғаламтордан алынды



2-бет

Президенттік қолдау аясында

Бүгінгі таңда кәсіпкерлерді жеңілдікпен несиелеуге 250-ге жуық өтінім мақұлданып отыр.



3-бет

Марапат қаруы табыс етілді

ҚР Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің кеңейтілген отырысында еліміздің Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев сенатор Талғат Мұсабаевқа марапат қаруын табыс етті.



5-бет

Неліктен күйзеліс пен мазасыздық адамды әлсіз етеді?

Әлемдік БАҚ күн сайын вирус жұқтырғандар мен соның салдарынан мерт болғандар санын жазып, халықты урейлендіріп отыр. Онсыз да төрт қабырғаға телміріп, телефонға байланып отырған адам санасы жан-жақтан келетін толассыз ақпаратты өңдей алмай жатқанда, жағымсыз хабар оның ақпараттық иммунитетін ғана әлсіретіп қоймай, адам денсаулығына да кері әсерін тигізуде.

Карантиндегі ізгілікті іс

Дүниені дүрліктірген індет салдарынан дәрігерлер мен тәртіп сақшыларының жұмысы екі есе артты. Олар демалысты ұмытып, күндіз-түні өздеріне жүктелген міндетті орындап, халыққа қалтқысыз қызмет етуде. Бірі – адамның денсаулығы мен өмірі үшін күресе, екіншісі – қоғам тыныштығы мен тәртіпті күзетуде. Олардың бұл қызметтері кез келген мақтауға лайық. Десе де олар «Бұл – ерлік емес, біздің – міндет» деп қысқа қайырады. Осынау қиын-қыстау уақытта волонтерлердің атқарған жұмыстары да ерлікке пара-пар. Бұл ретте елордалық полиция департаментінің бастығы Ержан Саденов полицейлер мен еріктілерге алғысын жеткізді.

Інжу БАЛТАБЕКҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан

Ол карантин кезінде қоғамдық тәртіпті күзетуге жұмылдырылған елордалық полицейлердің қызметін және коронавирусқа қарсы күресте жауапкер-

шілік танытып, тәртіп сақшыларына көмектесіп жүрген еріктілердің еңбегін атап өтті.

– Бүгінгі таңда азаматтар тарапынан көмек қолын созу өте маңызды. Волонтерлердің қызметін ерекше атап өткім келеді, олардың еңбегіне және белсенді азаматтық ұстанымына айрық-



ша алғыс білдіремін. Күн сайын полиция қызметкерлерімен бірге қоғамдық тәртіпті күзетуге қатысады, сондай-ақ халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізеді, – деді Департамент бастығы Ержан Сапарбекұлы.

Айта кетерлігі, қызмет атқарудың ерекше тәртібі кезінде

қызметтік міндеттерін адал атқарғаны, қала қонақтары мен тұрғындарына көмек көрсеткені үшін полицейлер мен волонтерлер алғысхаттармен, мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

(Жалғасы 3-бетте)



6-бет

Карантиннің соңы қателік болмас па?

Жаһанға жайылған қауіпті індет жазасын өтеушілерге де жетті. Бүгіннің өзінде әлемнің бірқатар елдеріндегі түзеу мекемелерінде коронавирустан көз жұмғандар саны күн санап көбейіп барады. Санитарлық жағдайы сын көтермейтін түрмелерде ауру жұқтырып алса, медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік жоқ. Италия, Колумбия, Шри-Ланка елдерінде жазасын өтеушілер осындай желеумен жаппай бүлік шығарып жатқанда, АҚШ билігі ...

АҚШ АУРУ САНЫ МИЛЛИОННАН АСТЫ

АҚШ-та коронавирус жұқтырғандардың саны миллионнан асты.



Басылымның мәліметінше, АҚШ-та науқастардың саны 1 002 963-ке жетті. Бір тәулікте 15,8 мың адам індет жұқтырған. Осылайша пандемия басталғалы Америкада коронавирустан 917 мың адам жазылып, 210 мыңнан аса адам қайтыс болған. Ал жалпы індеттен зардап шеккен елдердің тізімінде АҚШ, Испания, Италия, Франция және Германия бар.

Lenta.ru

Гаити АШАРШЫЛЫҚ БОЛУЫ МҮМКІН

Гаити Президенті Жовенель Моиз азаматтарға арнаған жолдауында коронавирустың таралуынан болған экономикалық залалдың салдарынан Кариб республикасы аймағында аштық болуы мүмкін екенін хабарлады.



«Ашаршылық болатыны анық. Бізде жұмыссыздар көп. Бүкіл әлем рецессия жағдайында өмір сүруде, әр елдің үкіметі бизнесті қайта капиталдандыруға тырысуда. Егер біз де дайындық шараларын қолға алмасақ, көптеген проблемалар болады», – деп атап өтті Моиз.

Оның айтуынша Гаитидің Ауыл шаруашылығы министрлігі фермерлерді қажетті құралдармен қамтамасыз етуге көмектесуге уәде беріп отыр. Айта кетсек, 10,6 миллион халқы бар Гаити Республикасы – Батыс жартышардағы ең кедей мемлекеттердің бірі.

24.kz

Ресей КАРАНТИН РЕЖИМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

Ресейде коронавирусы байланысты шектеу мерзімі ұзартылды. Ел президенті Владимир Путиннің халыққа жасаған үндеуінде 11 мамыр карантиннің соңғы күні деп белгіледі.

Бұған аймақта коронавирустың таралуы себеп. Жоспар бойынша мамырдың 12-сінен бастап ел карантин режимінен біртіндеп шыға бастайды. Мемлекет басшысы аймақ губернаторларымен және медицина саласындағы мамандармен сөйлескеннен кейін тұрғындарды оқшаулау режимінің тәртібін қатаң сақтауға шақырды. Айта кетейік, соңғы ақпағарға сәйкес Ресейде вирус жұқтырғандардың қатары 93 мың 558-ден асты. 867 тұрғын коронавирустың жаңа түрінен көз жұмды. Владимир Путин, Ресей президенті: – Мамыр айындағы мерекелік күндерді есептей келе, 11 мамыр карантиннің соңғы күні деп белгіледі. Шектеу шараларының талаптарына ерекше назар аударғым келеді. Барлық ереже мен нұсқаулар қатаң сақталуы керек.

24.kz

Президенттік қолдау аясында



Бүгінгі таңда кәсіпкерлерді жеңілдікпен несиелеуге 250-ге жуық өтінім мақұлданып отыр.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Ұлттық банк Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын әзірлеген болатын. Осы бағдарламаны іске асыру үшін шағын, орта кәсіпкерлік субъектілеріне және дара кәсіпкерлерге екінші деңгейдегі банктерге негізделген салымдар орналастыру арқылы 600 млрд теңге бөлінді. Осы аптада ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі кәсіпкерлерді жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы аясында қаражаттың игерілуі барысын қадағалап отырғандығын хабарлады.

«Екінші деңгейдегі банктерден алынған деректерге сәйкес шағын жә-

не орта бизнес субъектілері мен дара кәсіпкерлер кредит алу үшін 274,8 млрд теңге сомаға 1 313 өтінім берді. Оның ішінде 62,5 млрд теңге сомаға 246 қарыз мақұлданған», – делінген агенттік мәліметінде.

Бизнесті қолдаудың мұндай тетігі екінші деңгейдегі банктердің төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, дара кәсіпкерлерге айналым капиталын толықтыру үшін 12 айға дейінгі мерзімге жылдық 8 пайыздан аспайтын мөлшерлеме бойынша жеңілдікпен несиелеу беру арқылы іске асырылып отыр. Екінші деңгейдегі банктердің қаражатты игеру мерзімі – 3 ай.

inform.kz

Зейнетақы активі – 12 трлн

2020 жылдың наурыз айына қоса есептегенде Ұлттық банктің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ-да зейнетақы активінің мөлшері 11,7 трлн теңгені құрады. Бұл сома бір жыл бұрынғы көрсеткіштен (9,6 трлн теңге) 2,1 трлн теңгеге немесе 21 пайызға артық.

Осы жылдың наурыз айының соңында жарнаның барлық түрі бойынша жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 2,7 пайызға ұлғайып, 10,7 миллионға жетті. ЖЗШ-лардың басым бөлігін бұрынғыша міндетті зейнетақы жарналары (10,1 млн) құрайды. Ал міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша шоттардың саны 514,8 мыңға жеткен. Өз еркімен зейнетақы жарнасын аударып, шот ашып жатқандардың да саны көбейіп келеді. Бір жылдың ішінде бұл санатта 55,4 мың шот (11,6 пайызға көбейген) ашылған. Зейнетақы активтерінің кірісін сақтап, арт-

тырып отыру үшін инвестициялық портфельді диверсификациялау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіліп келеді. Мәселен, БЖЗҚ-ның зейнетақы активі портфельінің басым үлесін бұрынғыдай инвестициялаудың тұрақты әрі кірісі мол құралы саналатын ҚР мемлекеттік құнды қағаздары (42 пайызы немесе 4,9 трлн теңге) құрайды. Бұған қоса 2015 жылы олардың үлесі 46 пайызға тең болған еді. Сонымен қатар 2015 жылдың мамыр айының соңында Қазақстанның ұйымдарындағы құнды қағаздардың зейнетақы активі портфельіндегі үлесі 31,3 пайызға тең болса, осы жыл-



дың мамыр айының соңында бұл үлес 27,2 пайызды көрсетті. 2019 жылдың қараша айында зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар аясында зейнетақы активі портфельіндегі валютаның бір бөлігін шетелдік басқарушы компанияларға кезең-кезеңімен беру процесі басталған еді. Жалпы, портфельді сыртқы

басқаруға беру бойынша төрт халықаралық компания таңдалып алынған болатын. Осының нәтижесінде 2019 жылдың наурыз айында сыртқы басқарудағы активтер үлесі БЖЗҚ – инвестициялық портфельінің 1 пайызын құраса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 3,3 пайызға немесе 385,3 млрд теңгеге теңесті.

ranking.kz

Қолданылған медициналық маскалар қауіпті

Қазақстан қалаларында көшеде, үй кіреберісінде және балалар ойнайтын алаңдарда қолданылған маскалардың жатқанын көреміз. Тұрғындар оны қоқыс жәшігіне дейін жеткізбейді. Мұндай немқұрайлылық қауіпті.



Неліктен қауіпті екенін Микробиология және вирусология институты Вирусқа қарсы қорғану лабораториясының меңгерушісі Андрей Богоявленский және Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ Экология проблемаларын ғылыми-зерттеу институтының ди-

ректоры Айжан Ысқақова айтып берді. Көшеде жатқан маскалар түрлі ауруды, соның ішінде коронавирусты да тарата алады.

«Коронавирус инфекциясы, негізінен ауа-тамшы арқылы жұғады. Науқас маска тағып жүріп, жөтеледі, түшкіреді, содан соң

оны көшеге лақтырады. Оған жиналған вирус белгілі бір уақыт бойы қауіпті болады. Содан соң барлығы құрғайды және ауаға тарайды. Міне, содан кейін ауаға тараған шаң-тозаң арқылы вирус басқа адамға жұғады. Ықтималдығы төмен, бірақ қауіп бар», – деп түсіндірді Андрей Богоявленский.

Сондай-ақ, маман медициналық маскаларда вирустың қанша уақыт бойы «тірі» болатынын айтты.

«Бүгінде бұл сұрақтың нақты жауабы жоқ. Бірақ біз маскада вирус 30 сағаттан астам уақыт бойы сақталатынын болжаймыз», – деді ол.

Вирусолог қолданған масканы полиэтилен пакетке салып, қоқыс жәшігіне тастауға кеңес берді.

«Тазалыққа жауап беретін коммуналдық қызмет мамандары арнайы киім киеді. Олардың масканы, халаты және қолғабы бар. Сондықтан олар жерде жатқан масканы алып, қоқыс жәшігіне тастай алады. Ал адамдардан жауапкершілік танытып, қолда-

нылған масканы әр жерге тастамауды сұрағым келеді», – деді вирусқа қарсы қорғану лабораториясының меңгерушісі.

Сонымен қатар әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ Экология проблемаларын ғылыми-зерттеу институтының директоры Айжан Ысқақова маскалардың қанша уақыт бойы тозбайтынын айтты.

«Егер спанбондтан (арнайы материалдан) дайындалған медициналық маскалар туралы айтсақ, олар далада ультракүлгіннің әсерінен бір жылға дейін, ал күннен жабық жерде 3 жылдан 5 жылға дейін сақталады. Негізінде, оларды медициналық қалдық сияқты кәдеге жарату керек. Ал көшеде, парктарда жатқан маскалар жалпы қоқыспен бірге полигонға апарылып, барлық қалдықпен бірге кәдеге жаратылуы мүмкін. Оның үстіне тасталған маскалар кез келген жерде жатып, потенциалды қауіпті болып келеді», – деді Айжан Ысқақова.

Tengrinews.kz

Қосымша дәрі қоры дайын

«СК-Фармация» компаниясы коронавирус инфекциясы өршіген жағдайда керекті медициналық препараттардың қорын құрды. Бұл жайлы «СК-Фармация» ЖШС басшысы Берік Шәріп мәлім етті.

«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жағдайды бақылап, әрдайым мониторинг жүргізіп отыр. Ұйым эпидемияға қарсы енгізілген шараларды талдайды. Ал біздің алдымызға нақты міндет қойылды. Ол – вирусқа қарсы медициналық құралдармен, қызу түсіретін препараттармен, қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету. Тапсырмалардың бірі орындалды. Яғни коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны артқан жағдайда керекті медициналық препараттардың қорын құрып қойдық. Осылайша науқас саны 10 мыңға жеткен жағдайға арнап қор жасадық. Қажеттілік туындаса, біз бұл препараттарды қоймадан алып шығып, халықты қамтамасыз етеміз», – деді Берік Шәріп Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Facebook парақшасында онлайн-режимде өткен жиында.

Оның айтуына қарағанда, коронавируспен күрес тәсілдерінің әлемде сипаты әр түрлі. Сол себепті тіркелген науқас саны да әрқилы. «Бүкіл әлем иек артып отырған екі амал бар. Бірі – карантин шараларын енгізу. Екіншісі – Швеция, Беларусь таңдаған әдіс. Яғни екінші атағамы – карантин тәртібін қолай көрмеген мемлекеттер. Алайда біз карантин енгізбесек, науқастар саны күрт өсіп кететінін ұғуымыз керек. Мысалы, 18 миллион халқы бар Қазақстанда науқас саны үш мыңның маңайында. Ал 10 миллион тұрғыны бар Беларусьте науқас саны 10 мыңнан асып жығылды. Күрес әдісі әр түрлі болғаннан кейін сандар да бөлек. Нақты қай әдістің нәтижелі екенін эпидемия біткеннен кейін көре жатармыз», – дейді Берік Шәріп.

inform.kz

Марапат қаруы табыс етілді

ҚР Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің кеңейтілген отырысында еліміздің ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев сенатор Талғат Мұсабаевқа марапат қаруын табыс етті.



Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан

– Сізді елімізге сіңірген еңбегіңізбен құттықтаймыз және Қазақстан Үкіметінің шешімі бойынша тапанша табыс етеміз. Сіздің атыңыз республикамыздың тарихына лайықты жазылды, – деді Ерлан Тұрғымбаев.

Талғат Мұсабаевқа мемлекет алдында сіңірген еңбегі үшін Үкіметтің қаулысы бойынша иір ойықты атыс қаруы табыс етілді.

Дәл бүгін, 28 сәуірде Талғат Мұсабаев осыдан 19 жыл бұрын «Союз ТМ-32» ғарыш кемесінің командирі ретінде үшінші мәрте ғарышқа ұшып, алғашқы ғарыш туристер орбитаға алып шыққан болатын. Ғарышқа ұшқан осы сапар ғарыш туризмінің



дәуірін ашты. Талғат Мұсабаевтың экипажы «Союз ТМ-31» кемесімен жерге оралды. Бұл 21-ғасырдағы және үшінші мыңжылдықтағы Жер ғаламшарынан ғарышқа алғашқы ұшу болатын. Сондай-ақ биыл Талғат Мұсабаевтың ғарышқа алғаш ұшқанына 25 жыл толды.

Талғат Мұсабаев – егемен Қазақстан Республикасының тұңғыш

ғарышкері, ашық ғарышқа шыққан алғашқы қазақ. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы 1994 жылы тарихта алғаш рет ғарышқа көтерілді. 2017 жылғы 13 шілдеде Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып тағайындалды.

Ерекше құттықтау

Алматы қаласының тұрғыны полицейлерден ұлын туған күнімен құттықтауды өтінді.

Жақында Алматы облыстық Полиция департаментінің Instagram парақшасы арқылы карантин “құрсауында” қалған ана полиция қызметкерлеріне ұлын туған күнімен құттықтауды өтініп, ерекше өтініш айтқан.

Белгілі себептерге байланысты анасы мен ұлы бір-бірінен уақытша жырақта және баласының туған күнін бірге атап өте алмайды. Алайда азаматша бұл жағдайдың шешімін тауып, полицияға жүгінген.

Әйел қазір Алматы қаласының аумағында, ал оның ұлы 12 жастағы Әділет Талдықорған қаласында әжесінің жанында. Жас ана Әділеттің Қазақстанның ізгілікті полициясын мақтан тұтатынын және олармен кездескісі келетінін жеткізген. Полицейлерден құттықтау естіп, сыйлық алу Әділеттің мүлдем ойында да болмаған.

– Менің ұлым Әділеттің он екінші туған күні біздің отбасы үшін ерекше болды. 12 жас-бұл ұл балалар-

дың аға ұрпақтан үлгі алып, оларға ұсағысы келетін жасы. Мен баламның осы жылы карантин уақытында назарсыз және сыйлықсыз қалғанын қаламадым, сол себепті мен біздің заманымыздың батырлары – полицейлерімізге хабарласуды ұйғардым. Полиция департаменті менің өтінішімді қабылдады және менің ұлымның кумирі, джиу – джитсудан әлем чемпионы Қуандық Есинеевтің атынан тамаша құттықтау ұйымдастырды, себебі Әділет жекпе – жекпен кәсіби түрде айналысады, – деп өз қуанышымен бөлісті Айгүл Берекешова.

Джиу-джитсудан әлем чемпионы, Азияның екі дүркін чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, полиция капитаны Қуандық Есинеев бүгінде Алматы облысының полиция қатарында қызмет етеді. Чемпион-полиция қызметкері туған күн иесіне таусылмайтын күш-жігер мен толағай табыс тіледі. Әділет өз тәлімгерінің қолынан полиция қызметкерінің алтын кол-

лекциясынан арнайы таңдалған, жеңіс пен табандылықты бейнелейтін мүсін түріндегі бағалы сыйлық және чемпионға қымбат спортшының алғашқы медалін алды. Әділеттің анасы тапсырылған сыйлықтар ұлын алдағы уақытта Қуандықтай мықты чемпион болуға және бүкіл елдің үмітін ақтауға ынталандыратын табыс пен жеңіс энергетикасына алып келеді деп қуанды.

– Бізге өтініш білдірген отбасының өтінішін назардан тыс қалдыра алмадық. Қиын жағдайларда біз азаматтардан түрлі өтініштер аламыз, олар құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға қатысты сигналдар немесе қарапайым адами өтініштер болуы мүмкін. Полиция – әрқашан кез келген жағдайда, қайғы немесе қуаныш болсын, адамдарға көмек қолын созатын алдыңғы буын. Біздің ойымызша, біздің отандастарымыздың өтініштері мен тілектері адамдардың полиция қызметіне деген жоғары сенімін көрсетеді, ал біздің қызметкерлеріміздің әрекеттері бізді шын жүректен қуантады, – дейді Алматы облысы Полиция департаменті басшысының орынбасары Ораз Жолдасов.

Polisia.kz

Карантиндегі ізгілікті іс



(Басы 1-бетте)

Марапатталғандардың қатарында 6-қабаттан секіріп кетуге оқталған қызды құтқаруға жәрдемдескен Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны Александр Иваненко да бар. Жалпы, еріктілер тәртіп сақшыларына үнемі қолдау білдіріп, олармен бірлесе жұмыс істейді. Мәселен, SAS Консорциум қауіпсіздігі күзет кәсіпорнына көп мәрте қолданылатын 1000 дана масканы сыйға берді. Ал Қазақ ұлттық өнер университетінің 4-курс студенті, волонтер Рустам Жамалиев күн сайын полиция қызметкерлерімен бірлесе жұмыс істейді. Сондай-ақ «Клуб добряков» волонтерлік қозғалысының ұжымы қиын жағдайға тап болған азаматтарға зор көмек көрсетсе, «Астана Альянс автоклубы» қозғалысының еріктілері автокөліктерді эвакуациялауға көмек көрсетіп, жол талғамайтын көліктерімен тосқауыл бекеттеріндегі жағдайды бақылап, полиция қызметкерлерімен патрульдеу жұмыстарына қатысады.

Сонымен қатар елордалық полицейлер де карантин кезінде қиын жағдайға тап болған азаматтарға көмек көрсетіп жатыр. Олардың біразын атап өтуді жөн санап отырмыз. Патрульдік полиция мамандандырылған батальонының қызмет аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Алмас Ахметов қолын жарақаттап алған 70 жастағы қарт кісіге Қосшы тосқауыл бекетінен ауруханаға дейін жетуге көмектескен. ПП полкінің қызмет инспекторлары, полиция аға лейтенанттары Берік Аққозов және Фархад Туменов өзіне қол жұмсамақ болған қызды құтқарып, батылдық танытты. Мамандандырылған батальонының қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты Ерлан Исаев боса-

натын үш әйелге перзентханаға уақытында жетуге көмектескен.

Сондай-ақ бас қаланың полицейлері елдегі «Төтенше жағдай» режимінде табысынан айырылып, қиын жағдайға тап болған тұрғындарға жәрдемдесуді де қолға алды. Олар көп балалы және аз қамтылған отбасыларға керекті азық-түліктер мен химиялық заттарды сатып алып, табыс етті. Мәселен, №14 гимназия мектебінің инспекторы Жаная Сәдуақасова үш баласы бар отбасыға қоныс аударуға көмектесті. Айта кетерлігі, олардың басына түскен ауыртпашылықты қала жұртшылығы әлеуметтік желіден естіп, жалдамалы үйдің пәтеракысын өтеп берген. Сондай-ақ полицейлер мен тұрғындардан құралған топ оларға азық-түлікті де сатып алып беріпті. Мектеп инспекторы отағасының құжаттарын жоғалтқанын естіп, оларды қалпына келтіруге атсалысты. «Сарыарқа» аудандық ПБ Көмелетке толмағандар ісі бойынша инспектрлар аталған отбасы мүшелеріне бас-көз болуды өз мойындарына алды. Өйткені, балалардың анасы күндіз-түні жұмыста. Ол – медицина қызметкері және бүгінде әріптестерімен бірге індетпен күресуде. Осы ретте полиция лейтенанты Қ.Қадылов және Қостанай ИМ академиясының студенті Д.Абдуллаева балалардың сабақ үлгерімін қадағалап, үй жұмысы бойынша бағыт берді.

Өзге де қамқор болып жүрген сақшылар мен еріктілердің жұмысы жүректі жылытады. Олар – қайырымды қала тұрғындары. Дәл – Фараби жазған трактаттың заманауи кейіпкерлерінің арамызда жүргеніне тағы бір мәрте көзіміз жетті.

Суреттер әлеуметтік желіден алынды

Егіс науқанын аяқтауға кедергілер болмайды

Ақмола облысының полицейлері мен аграршылары карантин режимі кезіндегі егіс науқанының ерекшеліктерін талқылады.



ӘСЕМ ӘБДІРАХМАНОВА,
Ақмола облысы

Полиция департаментінің бастығы Арманбек Баймурзин жұмыс сапарында алдымен облыстағы ең ірі ауыл шаруашылық аймақтарының бірі – Бұланды ауданында болды. Мұнда 100-ден астам ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтары науқанға дайындалуда.

Кездесуде Арманбек Баймурзин шаруаларға өңірдегі карантин ре-

жимін сақтауды бақылау бойынша полиция қызметкерлері қандай жұмыстарды жүргізіп жатқанын қысқаша айтып, Департаменттің төтенше жағдай штабының жұмысына және тосқауыл бекеттеріндегі полиция қызметкерлерінің міндеттеріне толық тоқталып өтті.

Спикердің ақпараты бойынша, бір тәулік ішінде жедел желі телефондарына азаматтардан екі мыңнан астам қоңырау келіп түскен, сол себепті штаб қызметкерлерінің жүктелуіне байланысты Call-орталығын

кеңейту туралы шешім қабылданды. Бүгінгі күні ақмолалықтар мәселелерімен жүгінетін телефон нөмірлерінің саны 9-ға дейін өсті, яғни полицейлердің назарынан тыс бірде-бір қоңырау қалмайды.

«Шұғыл желіге» қызмет көрсетуден басқа төтенше жағдай штабының тағы бір маңызды міндеті – тосқауыл бекеттерінің жұмысын бақылау және келіп түскен өтініштерді қарау.

Генерал-майор А.Баймурзиннің айтуынша, төтенше жағдай режимі енгізілгеннен бері 28 мыңнан астам өтінім түссе, соның 27 мыңға жуығы оң шешімін тапты. Сонымен қатар полиция іс-тәжірибесінде теріс пиғылды азаматтар қандай да бір ЖШС-нің жол жүруіне сылтаумен рұқсат алып, содан кейін жеке тасымалдаумен айналысатын жағдайлар кездеседі. Өкінішке орай, мұндай фактілер облыстың кейбір аймағында анықталған.

Егіс науқанының тақырыбына қайта орала отырып, Департамент бастығы карантиндік шараларға қарамастан, жергілікті атқарушы органдар мен полицияның көмегімен аграршылар басталған жұмыстарды дәл мерзімінде аяқтай бастағанын атап өтті.

Бүгінгі күні ауыл шаруашылығы техникасының, сондай-ақ кәсіпорындарға қызмет көрсететін сервистік компаниялардың жол жүруі полиция блогында толығымен кедергісіз. Полицейлер деректерді «Сергек» базасымен ғана салыстырады, сонымен қатар өткізуге мүмкіндік жұмыс орнынан анықтама немесе кәсіпорын деректемелері бар барлық өзге де растаушы құжаттар бола алады.

Аграрийлерге ыңғайлы болу үшін әкімдік «Қолдау» арнайы сандық платформасын әзірледі, онда Қазақстанның барлық ауылшаруашылық кәсіпорындары, шаруа және фермер қожалықтары тіркелген. «Қорған» жаңа базасы әзірленіп, ол 27 сәуірден бастап барлық ерекшеліктерді ескере отырып, толық іске қосылды. Сервис рұқсаттаманы жедел беруге мүмкіндік береді, ал ресімдеуге бірнеше минут кетеді. «Қорған» базасына ауыл шаруашылығы өндірушілері өз өтінімдерін дербес, кәсіпорынның ЖСН немесе БСН көрсете отырып енгізеді.

Полиция қызметкерлері аграрияларға таныстырылып, оларды жаңа «Қорған» қосымшасын пайдалануға үйретіп, полиция тосқауыл бекеттері

арқылы кедергісіз жүруге арналған электрондық өтінімдерді өз бетінше қалай тіркеуге болатынын көрсетті.

Кездесу барысында фермерлер мәселелерін жеткізіп, өз ұсыныстары мен пікірлерін айтты. Атап айтқанда, механизаторлардың тосқауыл бекеттері арқылы жүріп өту, еліміздің басқа өңірлерінен қызметкерлерді тасымалдау мүмкіндігі, қызметтік жеңіл автокөліктің жол жүруге рұқсаты. Полиция генерал-майоры Арманбек Баймурзиннің айтуынша, барлық мәселелер шешіліп жатыр, ал өз сөздерін растау үшін барлық түскен сұрақтарды жазып алып, оларды шешуге жеке өзі көмектесетініне сендірді.

Ведомство басшысы Ақмола облысының барлық өңірлерінде өткізуді жоспарлап отырған жұмыс кездесулерінің қорытындысы мен басты тақырыбы – егіс науқанын табысты аяқтау үшін ешқандай кедергілер жоқ. Бүгінгі күні фермерлерге көмекке барлық мемлекеттік органдар ықпалдасуда, төтенше жағдай мен қатаң режимге қарамастан, көктемгі егіс жұмыстары дәл мерзімінде аяқталады және күзде Ақмола фермерлері мол өнім күтетін болады.

Адал қылыш

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлік күні мерекесінің орны ерекше. Жыл сайын Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте бейбітшілік пен ынтымақ күнін атап өтеді. Осыған орай біз Ұлттық ұланда әскери борышын үлгілі атқарып жүрген ұлты өзге әскери қызметшілер туралы әңгіме өрбіткіміз келді. Бүгінгі мақаламызға елімізде тұрып жатқан неміс ұлтының өкілі, ефрейтор Андрей Альбрантты арқау қылдық.

Дарын СЕЙТОВ,
Нұр-Сұлтан

Жалпы, неміс халқы Батыс Еуропаны мекен еткен. Уақыттың өтуімен, замана желімен біздің кең байтақ даламызға бұл халық қалай келді? Осы сауалдың жауабы әр алуан, бірі батыс Украина жерінен келді десе, енді бірі Еділ өзенінің жағасындағы неміс ұлтын Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан жеріне көшірген дейді. Қалай десек те, еңбексүйгіш, білімдар, тәртіпті бұл халық елімізбен біте қайнасып кетті. Ел арасында Герага атанып кеткен Герольд Бельгерді айтып өтсек те жеткілікті.

Біздің кейіпкеріміз де өз еңбегімен Ұлттық ұлданан орнын тауыпты. Ефрейтор Андрей Альбрант Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы Автоматтандыру басқармасында қызмет атқарады. Мамандығы – бағдарламашы. Жалпы, Бас қолбасшылықтағы есептеуші техника мен оны қамтамсыз етуге жауап береді. Жастайынан жаны техникаға жақын. Ол Қостанай облысы Қарасу ауданына қарасты елді мекеннің бірінде 1993 жылы дүниеге келген. Қарағандыдағы көп салалы техникалық колледжде білім алды. Еліне оралғанда әскерге шақырту алып, тағдырдың жазуымен қайтадан Қарағанды қаласындағы 6505 – әскери бөліміне түседі. Сол жерде байланыс ротасында байланысшы болып қызметін атқарады. Автоматтандыру бөліміне маман қажет болып, Андрейдің бағдарламашы екенін білген бөлім офицерлері байланыс ротасынан автоматтандыру бөліміне ауыстыруды ұсынады. Өзінің білімін көрсете білген сарбазды баянғат арқылы сол бөлімге алып алады. Көп сөйлемейтін, іске берік сарбаз басшылықтың көзіне жақсы қырынан түседі. Оның адалдығы мен еңбексүйгіштігіне тәнті болған әскери бөлім басшылығы талапты сарбазды келісімшарт арқылы әскери бөлімде қалдыруға шешім қабылдайды.

– Мен үшін әскер – үлкен отбасы. Бұл жерде тәртіп, жауапкершілік, достық бар. Маған келісімшартпен әскери салада қалуды ұсынғанда сөзсіз келістім. Өйткені, тәртіп пен тұрақтылықты жаным сүйеді.



Әрі өз ісімді жақсы көремін. Ұлттық ұлан қатарында, жалпы, ұлтаралық достық салтанат құрған Қазақстанда тұрғанымды мақтан тұтамын, – дейді Андрей.

Андрей Андреевич нағашы әжесінің Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ жеріне келгенін және неміс тілін жетік білгенін айтады. Өзі неміс тілін білмесе де, қазақ тілін жақсы түсінеді. Қарағандыда Вероника есімді арумен танысып, отау құрады. Бүгінде Ярослав және Кира есімді ұл мен қыздың әкесі. Жан жары орыс ұлтының өкілі, өздері екі ұлтқа тән мерекелерді және Қазақстандағы барлық мерекелерді бірге атап өтеді. Андрей сөзге сараң болғанымен, іске мығым. Нақты ғылымдарды оқып, компьютер тілін меңгерген. Өз ісін жақсы көреді, бірақ шектен тыс шықпайды. Ісіне берік болғаннан кейін, оны Бас қолбасшылыққа шақырып, лауазым ұсынған. Кейіпкеріміз сөз арасында өзінің тегі туралы да айтып берді.

– «Альбрант» фамилиясы ескі неміс тегіне жатады. Сонау XII бағыс Германияда, кейін шығыста қолданылған. Екі сөзден құралған халықтық фамилия Адельбранд (Adalbrand). Бірінші сөз «adal», «адал» деп аударылса, екінші сөз «brand», яғни «қылыш» деген мағына береді. Сонымен Альбрант есімінің мағынасы «Адал қылыш» дегенді білдіреді, – деп өз тегінің шыққан тарихына тоқталды. Кейіпкеріміз кішіпейіл, қарапайым жігіт болғанымен, өз ісінің маманы. Арманы жоғары оқуды аяқтап, болашақта офицер атануы.

– Туыстарым Германияда тұрады. Ағайындарым Украинаны мекен етеді. Мен өзімнің тағдырымды Қазақстанмен байланыстырдым. Өйткені, барлық ұлттарға жағдай жасаған, татулық пен тұрақтылық секілді құндылықты сақтаған біздің елдей ел жоқ. Болашағым осы елде!, – дейді ол.

Жалпы, автоматтандыру басқармасында көптеген ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті еңбек етуде. Олардың басын қосатын ортақ мүдде – тәуелсіз Қазақстанның тыныштығы мен гүлденуі, өсіп-өркендеуі. Біздің кейіпкеріміз ефрейтор Андрей Альбрант адал қылыштай болып, елін қорғауға әрқашан дайын.

Азық-түлікпен қамтуда іркіліс болмайды

Ақмола облысы Полиция департаментінің бастығы өңірдің ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің өтінімдерін қарауға жеке өзі жәрдемдеседі.

Әсем ӘБДРАХМАНОВА,
Ақмола облысы

Естеріңізге сала кетейік, полиция ведомствосының басшысы, генерал-майор Арманбек Баймурзин ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілерімен кездесіп, карантин кезінде аграршылар тап болған проблемалар туралы білу үшін Ақмола облысы өңірінде жұмыс сапарын жалғастыруда. Осы кездесулердің мақсаты егіс жұмыстарын жүргізу мерзімін бұзуы мүмкін мәселелерді жедел шешу мүмкіндігін қарастыру болып табылады.

Екі күн ішінде полиция ведомство-

сының басшысы Бұланды, Есіл және Астрахань аудандарының кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарының басшыларымен кездесті.

Мәселен, 25 сәуірде облыстың Астрахань ауданының Жалтыр ауылында өткен кездесу барысында «Болашақ» КТ ЖШС директоры Б.Бурумбаев шағын несие ұйымының ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеумен айналысатынын айтып, қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласына жол жүруге шектеу енгізілуіне байланысты ЖШС жұмысында кейбір іркілістердің болуы мүмкін екенін Департамент бастығына жеткізді.

Жаяу патрульге шықты

Елімізде коронавирусқа байланысты енгізілген төтенше жағдай кезінде Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы қашықтықтан білім беру құралдары арқылы онлайн форматында оқытуға көшкен болатын.

Орынбасар УАҚПАЕВА,
Қостанай

Сонымен қатар Академия басшылығы, жеке құрамы және профессорлық – оқытушылық құрамы курсанттарға қашықтықтан оқыту форматында білім беріп қана қоймай, Қостанай облысы Полиция департаменті мен Қазақстан Респу-

бликасы Ұлттық ұланы 6697 – әскери бөлімінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, қоғамдық тәртіпті күзету бағытында жаяу патрульге шығуда.

Жаяу патрульге шығудың мақсаты – көшелерде, аулаларда және қоғамдық орындарда азаматтар қозғалысының заңдылығын қадағалау. Олар тұрғындардың үйден шығу себептерін сұрап, анықтайды,

Куәлікті онлайн ауыстыруға болады

Төтенше жағдай режимін енгізумен және карантин уақытында арнайы халыққа қызмет көрсету орталықтарының жабылуына қатысты кейбір жүргізушілер жарамдылық мерзімі аяқталған жүргізуші куәлігін ауыстыру мәселесіне тап болды. Жамбыл облысының ІІД Әкімшілік полиция басқармасының процессинг орталығы бастығының міндетін атқарушы, полиция майоры Айбек Көшеков осы мәселені қалай шешуге болатыны жөнінде тарқатып айтып берді.

Мерзімі өтіп кеткен жүргізуші куәлігін egov.kz. порталы арқылы онлайн түрінде ауыстыруға болады. Бұл ретте тек қана «мерзімі өтіп кеткен» немесе жарамдылық мерзімі өткен жүргізуші куәлігін ауыстыру қызметі көрсетілетінін атап өту қажет. Сонымен қатар қолданылу мерзімі өткен жүргізуші куәлігін ауыстыру үшін кез келген медициналық мекемеден алуға болатын медициналық комиссиядан өткені туралы анықтаманы қоса беру керек.

Жүргізуші куәлігін бірінші рет алуға ниет білдірген немесе оған басқа санат қосқысы келетін, сондай-ақ көлік құралын басқару құқығынан айырғаннан кейін оларды қалпына келтіргісі келетін адамдардан емтихан қабылдау бойынша қызметтер көрсетілмейді.

Алдымен электрондық цифрлық қолтаңба – ЭЦҚ көмегімен (сондай-ақ жоқ болса, үйден шықпай-ақ алуға болады) egov.kz порталында авторландыру қажет. «Көлік

және коммуникация» бөліміне, әрі қарай «Жүргізуші куәліктерін беру» бөліміне кіру арқылы «Онлайн қызметіне тапсырыс беруді» басыңыз.

Бұл жерде сізге өтінім мәліметтерін салыстыру қажет. Жүйе мүгедектіктің, төленбеген әкімшілік айыппұлдардың бар-жоғын және жүргізуші куәлігінен айыру дерегін өзі тексереді. Содан кейін дайын құжатты алуға келетін ХҚКО мекенжайын көрсетіңіз. Ол үшін әрбір мамандандырылған ХҚКО-да дайын құжаттарды беру терезелері жұмыс істейді. Одан әрі өз қан тобыңызды көрсетесіз.

Келесі кезең – фотосуретті өтінімге жүктеу. Фотосурет беті бейтарап көрініспен ашық фонда (анфас) анық болуы және фотосуреттің жалпы ауданының 70% – дан астамын алуы тиіс.

Содан кейін сіздің қоятын қолыңыздың үлгісін тіркеңіз. Ол үшін файл-нұсқаулықтан соңғы парақты

Айта кету керек, Нұр-Сұлтан қаласына және Ақмола облысының аумағына жол жүруге рұқсат алу бойынша ұқсас өтініштер ауданның үш тұрғынынан келіп түсті: «Гостница Есиль» ЖШС иесі В.Брагина, «Е.И.Шилов» ШҚ бригадирі В.Галуза және «Бетеге-У» ЖШС директоры С.Коломоев.

Ауылдықтардың өтініштерін мұқият тыңдаған ведомство басшысы кәсіпкерлердің жергілікті жерлерде ресімдеген өтінімдерінің оң шешімін жеке бақылайтынын айтты. Келесі күннен бастап ЖШС мен автомашинаның қызметкерлері қажетті жұмыстарды жүргізу үшін полицияның тосқауыл бекеттері арқылы кедергісіз жүре алады.

Полицейлер бүгінгі таңда егіс науқанын сәтті аяқтау үшін ешқандай кедергілер жоқ екенін айтты. Карантиндік шараларға қарамастан жергілікті атқарушы органдар мен полицияның көмегімен аграршылар көктемгі-егіс жұмыстарын мерзімінде аяқтамақ.

төтенше жағдайлар кезіндегі режимді қатаң сақтауға шақырады, карантин жағдайы кезінде жасалып жатқан барлық шаралардың халық үшін жасалып жатқанын түсіндіреді. Сондай-ақ күнделікті патрульге шыққан қызметкерлер оларға сеніп тапсырылған аумақтың периметрін қадағалап, барлық жағдайды көз алдарынан таса қалдырмауы тиіс. Осылайша Академия басшылығы, жеке құрамы мен профессорлық-оқытушылық құрамы тек қана білім беру саласында ғана емес, сонымен қатар басқа да қызметкерлермен бірге бір адамдай халыққа көмек көрсетуде. Осы жаман індет кезінде баршамызға тазалықты, сабырлық пен төзімділікті сақтау қажет.

басып шығару қажет, онда 3x1 жақтарының ара қатынасымен ақ және қара нұсқада ашық фонда қол қою, сканерлеу немесе ұялы телефонға сапалы фото жасау қажет.

Ұялы телефоныңыздың нөмірін және ерекше белгілердің болуын анықтаңыз: көзілдірік міндетті, медициналық комиссия міндетті, тек қолмен басқару, АҚПП және т.б. Одан әрі «Сұранысты жіберу» батырмасын басыңыз.

Дайын жүргізуші куәлігін алатын мамандандырылған ХҚКО орналасқан жердегі салық басқармасының органын таңдау қажет. Мемлекеттік бажды 3472.5 теңге (1.25 АЕК) мөлшерінде төленеді.

Жеке кабинеттегі «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қалыптастырылған электрондық өтінішпен танысу керек. Өтініш пен төлем туралы түбіртектің көшірмесін басып шығару қажет, егер принтер болмаса, онда басып шығаруды алып тастауға болады.

Бір сағат ішінде жеке кабинетке дайын жүргізуші куәлігі туралы хабарлама келеді, оны мамандандырылған ХҚКО-да дайын құжаттарды беру терезелерінен алуға болады.

Бұл ретте өзіңізбен бірге ескі жүргізуші куәлігі мен жеке куәлік болуы керек.

Polisia.kz

Жазасын өтеушілер жаңа кәсіп бастады

Елімізде қылмыстық атқару жүйесін ізгілендіру және түзеу мекемелеріндегі жазасын өтеушілерді жұмыспен қамтуға ерекше көңіл бөлініп жатқаны белгілі. Бұл ретте Павлодар облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты АП-162/4 мекемесінде де тиісті шаралар қолға алынуда.

Гүлжан ӘБДУҒАЛИЕВА,
Павлодар облысы

АП-162/4 мекемесінде жазасын өтеп жатқандар шаруа қожалықтарына қажетті үй вагондарын жасап, жаңа кәсіпті қолға алуда. Небәрі шамамен 10 шаршы метр жерді алатын бұл үй-вагондарына сұраныс бүгінде артып отыр. Іші-сырты қапталған,

ішіне пеш, электр жүйесі, құрылғыларды қосу розеткалары орнатылған үй-вагондары шаруа қожалықтары үшін өте қолайлы. Шаруаның басы-қасында күндіз-түні жүретін адамдар үшін басына пана бола алатын, оның үстіне бір орыннан келесі орынға оңай жылжып жүре беретін мұндай үй-вагондары, шынымен әр шаруа қожалығына қажет.

Сондықтан болар, қазіргі уақытта бұл үй-вагондарына тапсырыс толастамай тұр. Бұл өндіріс орнында бес жазасын өтеуші жұмыс жасап жатыр. Олардың әрқайсысының өзіне бекітілген міндеттері бар. Біреуі дәнекерлеу жұмыстарын жасаса, енді біреуі вагон ішіне электр сымдарын жүргізеді. Олар жұмыстарына қарай тиісті жалақыларын алып, сот бекіткен берешектерін өтеп, туғандарына да көмектесуге мүмкіндік алып отыр. Олар күні бүгінге дейін 100-ге жуық үй-вагондарын жасап шығарды. Яғни айына бес үй-вагоны жасалады.

– Жұмыс маған өте ұнайды. Қызықты десе болады. Біз вагондарды тұруға ыңғайлы етіп жасап жатқаннан соң ба, адамдарға бір баспана тұрғызып жатқандай сезімде боламын. Алғашқы құрастырудан кейін үй-вагондары сұрықсыз көрінеді. Сұр корпус пен бос салон. Бұл вагонды алдымен жылыту пешімен жабдықтау керек. Сонымен қатар электр қуатын өткізуге арналған сымдар жүргізіп, ауаны желдетіп тұратын терезені де бекіту қажет. Бұдан кейін вагон ішіне төсеме төсеп, белгілі түске бояуды қолға аламыз, – дейді жазасын өтеуші Ділдібек.

Бояу мен оның иісі цех сыртына шықпайды. Сондықтан іште

жұмыс істейтіндер респиратор киіп жүреді. Мұндағы қауіпсіздік шаралары қатаң қадағаланады. Ал үй-вагондарын жасауға қажетті материалдар мен қондырғыларды тапсырыс беруші өзі жеткізіп отырады. Сонымен қатар, тапсырыс берушінің талғамына сәйкес бір немесе одан да көп бөлмелі болуы мүмкін. Оның үстіне өлшемін де өздері әр түрлі етіп беруге, қаласа өзгертуге мүмкіндіктері бар.

Ең бастысы, бұл азаматтардың тәртібі мен түзелу жолына түсуі ескеріліп, оларды шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жеңіл жазаға ауыстыру жағы қарастырылады.

Психосоматика және коронавирус:

Неліктен күйзеліс пен мазасыздық адамды әлсіз етеді?

Әлемдік БАҚ күн сайын вирус жұқтырғандар мен соның салдарынан мерт болғандар санын жазып, халықты үрейлендіріп отыр. Онсыз да төрт қабырғаға телміріп, телефонға байланып отырған адам санасы жан-жақтан келетін толассыз ақпаратты өңдей алмай жатқанда, жағымсыз хабар оның ақпараттық иммунитетін ғана әлсіретіп қоймай, адам денсаулығына да кері әсерін тигізуде. Жұқарған жүйке, карантинде еселене түскен үй тірлігі, жұмыссыз қалу, қаржылық қиындықтар адамды күйзеліске ұшыратады. Ал күйзеліс ағзаны инфекциялық аурулар алдында осал ете түседі.

Нұржайнат ХАМЗАЕВА,
Нұр-Сұлтан


Ресейлік дәрігер Денис Кондратьевтің айтуы бойынша, халықтың белгілі бір бөлігі ақпараттық шабуылдан болатын шынайы психосоматикалық өзгерістерге ұшыраған. Әсіресе, ақпараттық шабуылдарға төтеп бере алмау коэффициенті бүгінгі уақытта жоғарылап тұр. БАҚ-та коронавирустың алғашқы белгілері туралы жазбаларды оқыған адамның өзінен сол симптомдарды іздей бастауы заңды құбылыс. Тіпті адамдар оны бейсаналы түрде жасай бастайды екен. Ол өзін-өзі сақтау рефлексі сияқты. Алайда тізілген белгілердің бірін өз бойынан байқаған кезде адам еріксіз күйзеліске түсіп кетеді. Өз кезегінде күйзеліс – басқа сырқаттардың себепшісі, сондықтан адамның басқа вируспен ауырып қалуы әбден мүмкін. Адам эмоционалды тұрғыдан қажып, жүйкесі жұқарған кезде дене қызуы көтерілуі мүмкін екенін көбі біле бермейді, күйзеліс кезінде дене температурасы 39 градусқа дейін болмаса да, 37-37,1 градусқа дейін көтеріліп жатады. Міне, осы уақытта көп адам өзінің ішкі ойларынан жеңіліс табады. Дәрігерлердің айтуы бойынша, иммунитет жайдан жай әлсіре-

мейді. Мынадай жақсы сөз бар: «Адамның жаны ауырмаса, тәні де ауырмайды» деген. Яғни ұйқының қанбауы, уайым-қайғы мен психосоматика – барлығы күйзеліске алып келетін факторлар. Сондықтан пандемия уақытында себепсіз уайымға берілмей, қарапайым гигиеналық ережелерді ұстанған жөн: қолды жиі сабындап жуу, дезинфекциялау, қолмен ауыз, көз және мұрынды ұстай бермеу, шетелге шықпау сияқты.

ПСИХОСОМАТИКА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?


«Психосоматика» деген сөздің өзі психика мен тән арасындағы байланысты білдіреді. Адамдардағы психосоматикалық аурулардың көбі психологиялық себептен болады, дәлірек айтқанда күйзелістің әсерінен. Ғұмырымыздың барлық кезеңінде біз стресстік жағдайда жүреміз. Өмір беретін соққылар, қайғы-мұң, тіпті қуаныштың өзі – стресс. Ал осы күйзеліске әркім әр түрлі қырынан қарайды: бірі жағдайдан қашып жатса, бірі қауіп көзін құртуды, онымен күресуді жөн санайды. Күйзеліс жағдайында ми сырттан келетін шабуылдарға жауап беруге дайын тұрады. Барлық бұлшық еттер жиырылып, қаннан ағзаға күйзеліспен күресуге көмектесетін гормондар бөлінеді:

– жүрек қағысы жиілеп, қаттырақ соға бастайды;
– тыныс алу ауырлап, жиілей түседі;
– бұлшық еттер жиырылады;
– тер бөлінеді.
Нәтижесінде адам әрекет жасауға дайын болады, бірақ әрекет етпейді. Керісінше, уайымға салынып, ағзаны тоздыртады. Бір адамның басынан күніне бірнеше рет осындай жағдай өтеді. Сол кезде мидың күреске дайындығы босқа



Күйзеліс уақытында тамақты қорыту үшін бөлінетін сөл бос асқазанды тесіп жібереді, нәтижесінде эрозия пайда болады, ал ол микробтар мекеніне айналады;
– жүрек-тамыр жүйесінің жұмысында ақау пайда болып, вегето-тамырлық дистония пайда болады;
– стресс жағдайында инсулин мен глюкозаның құбылуы жиі байқалады – олардың шектен тыс бөлінуі қант диабетіне алып келеді.

найы шараларды қолдануды талап етеді. Ұзақ уақыт бойы ем қонбаған науқастардың тәнін емдеу емес, тәнге дерт әкелген себеппен күресу маңызды. Ал ол себеп көп ретте микробтар мекеніне айналады, адам санасында болады. Адам проблемалармен күресіп, оның себептерінен айырылмайынша, емделіп шығу мүмкіндігі төмен болады. Яғни науқас психосоматикалық сипаттағы дерттің шипасын профильдік дәрігерден ғана емес, психолог, психотера-



ПСИХОСОМАТИКАЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ:

жасалған соң, ол ағзаға кері бұйрық береді. Ал осының салдарынан ағзаның өзін-өзі реттеу функциясы бұзылады. Күйзелістің ағзаға ұзақ уақыт бойы әсер етуі нәтижесінде ағзада дисфункция басталады:
– қан қысымы жоғарылайды;
– арқаның жоғарғы бөлігі мен мойында ауырсыну пайда болады, себебі қорқыныш кезінде біз бейсаналы түрде иығымызды көтеріп, басымызды бұғып, тығылуға тырысамыз;
– дененің жоғарғы бөлігінде бұлшық еттер жиі жиырыла берсе бас ауырып, сақинасы ұстайды;
– ауа жеткіліксіз болып сезіне берген сайын біз жиі-жиі дем алып, оттегі жұтуға тырысамыз, өз кезегінде бұл процес гипервентиляцияға алып келеді;
– ұзақ күйзеліс ішек микрофлорасына да әсер етеді, іште газдар, ауырсыну мен диарея пайда болады;
– асқазан ауруларының басты қоздырушысы да осы – күйзеліс.

Әдетте, дәстүрлі ем-дом шаралары көмектеспейді, анализдер мен дәрігер тексерістері де, дерт шын мәнінде бола тұра, сырқаттың бар екендігін көрсете алмайды. Осындай процестерден кейін адам өзінің сырқатының «ерекше» екендігіне сене бастайды. Дәрігер көмегіне жүгінген уақытта олар дәстүрлі еммен ауру белгілерін уақытша жояды, алайда ем алу уақыты аяқталған соң, сырқат өзінің бар екендігін қайта еске салады. Осыдан кейін ол дерт ешқандай емге мойынсұнбайды. Біз білетін обир, панкреатит, кариес, наркомания, алкогольизм, ауыз қуысының қабынуы, қайталан беретін бас аурулары, тіпті белсіздік те психосоматиканың «жемісі».

Адамзаттың басына түсетін дерттің 15-50 пайызының психосоматикалық сипаты бар және олар ар-

пент, невролог, психиатр сияқты арнайы мамандардан ем алуы қажет. Егер адам үнемі күйзеліс пен депрессияда жүрсе, ағзаның қорғаушы механизмдері әлсірейді. Ол иммунитеттің төмендеуіне алып келеді. Ал ағзаның қорғаныш қабаттарының жұмысы әлсіреген сайын адам түрлі инфекциялық дерттерге шалдығады. Тұмау да соның нәтижесі. Ал енді коронавирустың психосоматикамен байланысы бары айтпаса да түсінікті. Күйзеліс пен жаман ойлар вирус алдында бізді осал ететінін мемлекет басшысы да айтқан болатын.

Құрметті оқырман, егер сіз өзіңден COVID-19-ға тән белгілерді байқасаңыз, бірден үрейленіп, күйзеліске түсіп кетуден сақ болыңыз. Алдымен өзіңізді тыныштыққа шақырып, терең демалып, жаман ойлардан арылуға тырысыңыз. Сіздің тәніңіз бен жаныңыздың саулығы өз қолыңызда және ол үшін бірінші жауапты адам өзіңіз екенін естен шығармаңыз!

Суреттер ғаламтордан алынды

Терезенің алды ойын алаңы емес

Жыл сайын көктем-күз мезгілдері басталысымен балалардың терезеден құлап кету фактілері жиілейді. Мұндай оқиғалар көп жағдайда ауыр жарақаттармен немесе қайғылы аяқталады. Ата-аналардың балаларды қараусыз қалдыруы осындай өкінішке апарды. Сондықтан ересектер баланың өмірі үшін жауапты екенін әркез жадынан шығармағаны абзал.

Азамат ЖҰРТБАЕВ,
Алматы облысы

Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті балаларды терезесі ашық бөлмелерде, тіпті қысқа уақытқа қараусыз қалдырмауды сұрайды, себебі бұл қайғылы жағдайларға апарып соғуы мүмкін. Терезеден құлау-балалардың жарақаттануы мен өлімінің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға ықпал ететін қауіпсіздіктің мынадай негізгі ережелерін әрдайым есте ұстаған жөн:

– бала терезесі ашық немесе баланың оны өз бетінше аша алатын мүмкіндігі бар бөлмеде қараусыз болмауы керек;
– жақтаулары мен терезелердің фурнитурасы жарамды болуы тиіс;
– егер баланы ұзақ уақыт бөлмеде жалғыз қалдыруға тура келсе, ал терезені толығымен жабууды қаламасаңыз, ағаш жақтаулары бар жағдайда, желкөзді ашыңыз, ал терезенің өзін шпингалетке төменнен және жоғарыдан жабыңыз;
– пластикалық терезесі бар жағдайда жақтауды «жоғарғы жел-

дету» режиміне қойыңыз, кішкентай бала мүмкін терезені аша алмас;
– ешқашан антмоскит торына сенбеңіз! Олар терезеден құлаудан аман сақтап қалу үшін арналмаған;
– бала терезеге шыға алмауы үшін терезенің жанына жиһаз қоймаңыз;
– өздігінен немесе тым жеңіл ашу мүмкіндігін болдырмау үшін терезелердің фурнитурасын және жақтаулардың беріктігін тексеріңіз;
– «төменнен» емес, «жоғарғы» (алдыңғы желдету) жағдайынан терезелерді мүмкіндігінше ашыңыз;
– терезелерге арнайы құрылғыларды (шектегіштерді, бұғаттауларды, бекіткіштерді және т. б.) қойыңыз немесе бекітілген тұтқаларды баланың терезені өз бетімен аша алмайтындай етіп бұрап тастаңыз;
– балалардың ашық терезелердің жанында ойнауына жол бермеңіз!



Карантиннің соңы қателік болмас па?

Жаһанға жайылған қауіпті індет жазасын өтеушілерге де жетті. Бүгінгі өзінде әлемнің бірқатар елдеріндегі түзеу мекемелерінде коронавирустан көз жұмғандар саны күн санап көбейіп барады. Санитарлық жағдайы сын көтермейтін түрмелерде ауру жұқтырып алса, медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік жоқ. Италия, Колумбия, Шри-Ланка елдерінде жазасын өтеушілер осындай желеумен жаппай бүлік шығарып жатқанда, АҚШ билігі алғашқылардың бірі болып түрме тұтқындарын үйлеріне қайтара бастады. Біржола емес, карантин біткен соң темір торға қайтуы тиіс.

**Жадыра ТҰРСЫНӘЛІҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан қаласы**

Өткен аптада АҚШ Федералдық түрме бюросы елдегі барлық түрмелерде тұтқындарға екі апталық міндетті карантин енгізілгенін, адвокаттармен жеке қарым-қатынас жасауға және туыстарының онда баруына тыйым салынғанын хабарлаған. Биліктің бұл шешімінен кейін тұтқындардың көшірім сұрауы мен жазаны қысқарту туралы жаңа өтініштер көбейген. Олардың арасында президент Трамптың бұрынғы жеке адвокаты Майкл Коэн, АҚШ тарихындағы ең ірі қаржы пирамидаларының бірін ұйымдастырушы Берни Мадофф және «Кали» есірткі картасының бұрынғы басшысы Хильберто Родригес Орехуэлло да бар. Өтініш бергендердің дені жаза мерзімінің жартысын өтгендер мен денсаулығына байланысты сұралған. Мәселен, Берни Мэйдофтың адвокаты Брэндон Сэмпл қорғалушысының ауыр бүйрек ауруына шалдыққанын, коронавирустың шығуы оның өміріне қауіп төндіретінін жеткізген. Айтуынша, федералды пенитенциарлық жүйе өзінің үлкен дағдарыстарға төтеп бере алмайтынын үнемі көрсетіп келеді. Көптеген қаржылық заңсыздықтары үшін темір торға тоғытылған Майкл Коэн де өзінің твиттерінде сотталғандарды тез арада үй қамауына жіберуді сұраған. «Бұл қадам түрмелердегі қауіпті індетті жұқтырушылардың азауына мүмкіндік береді», – деді адвокат.

ТҮРМЕ БЮРОСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА

АҚШ саясаткерлері, адвокаттары және құқық қорғаушылары көптен бері түрмелерде індеттің басталуы туралы ескертіп, ауру өршіп тұрған кезде тұтқындарды мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін қарастыруды ұсынып келеді. Өйткені, қамаудағылар арасында қауіпті дертті жұқтырушылар жиілеген. Луизиана штатында есірткі сатқаны үшін 49 жылға сотталған 27 жастағы Патрик Джонс АҚШ-тың түрме жүйесіндегі коронавирустың алғашқы ресми құрбаны болды. Оның өлімінен кейін Окдале түрмесіндегі күзетшілердің бірі интентивті терапияға орналастырылды, кемінде 30 тұтқыннан коронавирусқа оң тест нәтижелері шыққан. Жалпы алғанда, 1700 адамға арналған түрмеде 60-қа жуық тұтқын карантинге жатқызылған. Алайда құқық қорғаушылар мен заңгерлер бұл деректерде көрсетілген сандар анағұрлым көп болуы мүмкін екенін алға тартады. Нью-Йорктегі Колумбия университетінің эпидемиологы Сет Принс федералды агенттіктер коронавирусқа шалдыққандардың күн сайынғы статистикасын жаңартпайтынын айтқан. Сарапшылар «Түрмелер мен тергеу изоляторлары кез-келген аурудың таралуына өте қолайлы орын» деп санайды. Адвокат Диего Руис темір торлардың жиі желдетілмейтінін, жуғыш заттар жетіспейтінін, ал мұндай жағдайда түрмелерде әлеуметтік оқшаулау мүмкін еместігін ескертеді. Оның үстіне штаттағы тұтқындардың көбісі медициналық қызметтерге ақы төлей алмайды. Сарапшылардың бағалауынша, көптеген штаттарда дәрігерге бару, тәсілеу немесе дәрі-дәрмек алу қымбатқа түсетінін түсіндірген. Осындай бірнеше себептерді алға тартқан

адвокаттардың өтініштерінен соң ел билігі бұрын-соңды болмаған шаралар қабылдауға мәжбүр болды. Калифорния мен Колорадо федералды прокурорлары зорлық-зомбылықсыз айыпталғандардың барлығы тергеу изоляторларынан босатылатынын мәлімдеді. Сондай-ақ, соттарға сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініштерін қарауды көбейту ұсынылды. Ал Огайо мен Техаста олар мерзімдері аяқталуға жақын 200-ден астам тұтқынды босатуға шешім қабылдады. Флорида, Вашингтон және Алабама штаттарының билігі «Жол қозғалысы ережелерін бұзу немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босату ережелері бойынша айыпталған адамдар жергілікті түрмелерден кетуі керек» деген шешім қабылдады. Сондай-ақ Нью-Джерси билігі эпидемия кезінде штаттағы сотталғандардың жартысына жуығын уақытша босату туралы шешім шығарған. Олардың бәрі коронавирус жойылғанда қамау орындарына қайта оралады. Лос-Анджелес соттары болса, алдағы апталарда кемінде жазасын аяқтауға бір ай қалған 1700 адамды босатуға уәде берді. Сонымен қатар егде жастағы және денсаулығы нашар науқастар да уақытынан ерте босатылуы мүмкін. Бұдан бөлек Калифорния, Колорадо, Пенсильвания және басқа да бірнеше штаттардағы полиция департаменттері қылмыскерлерді тұтқындауды азайтады деп мәлімдеді. Оның орнына қамауға алынған адамдарға ескертулер, айыппұлдар немесе сотқа шақыру қағаздары кейінірек шығарылады. Лос-Анджелесте қауіпті індет таралғалы тұтқындар саны 300-ден 60-қа дейін азайған. Ал Нью-Йоркте қаланың пенитенциарлық мекемелеріндегі жағдайды қадағалайтын бақылау кеңесі наурыздан ортасында қала басшылығынан денсаулығына байланысты барлық тұтқындарды тез арада босатуды сұрады. Сондай-ақ АҚШ Бас прокуроры Уильям Барр «Федералдық түрме бюросы коронавирустың әсерінен төтенше жағдайға тап болып отыр» деп мәлімдеді, бұл қамаудағылардың көпшілігін үй қамағына босатуды бастау туралы шешімнің дұрыстығын көрсетеді деп санайды. Бас прокурордың жарлығына сәйкес, үй жағдайындағы карантин қауіпті індеттен көп зардап шеккен Луизианадағы Окдале, Огайо штатындағы Электон және Коннектикуттағы Дэнбери сияқты федералды түрмелердің мекемелерінен басталмақ. Бас прокурор үй қамағына жіберуге болатын барлық тұтқындарды тез арада үйлеріне жіберіп, 14 күндік карантиннен кейін дереу қайта тапсыруларын ескертеді.

«КОРОНАВИРУСҚА БОЛА КАЗАРМАНЫ ТАСТАЙ АЛМАЙМЫЗ»

Рейсейде Адам құқықтары жөніндегі кеңес «Жүздеген тағдырды сақтаңыз» атты коронавирусқа байланысты амнистия жобасын бастады. Сөйтіп коронавирусқа рақымшылық жасау туралы жаңа заң жобасын талқылауға кірісіп те кетті. Құжат жобасына сәйкес жеңіл-желпі қылмыстар бойынша қылмыстық істерді тоқтату және жазасы бес жылға дейін бас бостандығынан айыру туралы істер бойынша іс жүргізілуді тоқтата түру ұсынылады. Алайда рақымшылық мәселесі елдегі құқық

қорғаушыларды екі топқа бөлді. Бір топ Ресей билігін коронавирусқа байланысты «мүмкіндігінше рақымшылық жасауға» шақырып, «Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға қауіп төніп тұр. Жазасын өтеушілердің көптігінен сапалы медициналық көмекке қолжетімсіздік көрініс беріп, иммунитеттің әлсіреуі, сондай-ақ басқарумен үнемі байланыста болу және оқшауланудың мүмкін еместігі білініп жатыр» деп үндеу тастады. Адам құқықтары жөніндегі институт директоры, рақымшылық жасау жобасы авторларының бірі Валентин Гефтер: «Біз бұл қауіпті азайтуды алдымен тергеу изоляторынан бастауымыз қажет», – деді. Жоба бойынша қоғамдық қауіптілігі аз қылмыстық істерді үш жылдан кем мерзімге бас бостандығынан айыруды көздеді. Сонымен қатар бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы бар қылмыстық істерді қарауды, зейнеткерлерге, көмекетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, мүгедектерге немесе созылмалы аурумен ауыратындарға және жалғызбасты ата-аналарға қатысты қылмыстық істерді де кейінге қалдыру ұсынылған.

Алайда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық комитеттің төрағасы Кирилл Кабанов рақымшылыққа қарсы шықты. Ол індет басталғаннан кейін кейбір тұтқындар түрмелерден босатылып, бірақ бұл жағдайдың нашарлауына әкелген Италия мен АҚШ-тың тәжірибесіне тоқталды. Жазасын өтеушілерді жаппай бостандыққа жібере бермей, оқшаулау камералары мен түрмелерде тығыздықтың жоғары болуына байланысты санитарлық бақылау мен дезинфекция шараларын күшейту қажеттігін алға тартады. «Түсінемін, казарма – көп адамдар тұратын тығыз және жабық кеңістік, бірақ коронавирусқа бола казарманы тастап, бүкіл әскерді үйге жіберу мүмкін емес», – дейді Кирилл Кабанов. Свердлов облысындағы адам құқықтары жөніндегі омбудсмен Татьяна Мерзлякова да рақымшылыққа үзілді-кесілді қарсы шықты. Оның пікірінше, түрмедегі тұтқындар бостандыққа шықса қоғамға анағұрлым қауіптірек дейді. Сондықтан бостандыққа жіберуден бұрын бақылау аймағында қалдырып, қауіпті індеттен сақтандыруды қарастыруды ұсынады. Оның үстіне омбудсмен тергеу изоляторындағы тұрғындардың бестен бір бөлігі бостандыққа ары қарай өмір сүріп кететін және ақша таба алатын халде емес дегенді айтады. Сонымен бірге ол судьяларға қамауға алуды азырақ қолдануды, ал адвокаттарға көбінесе бұлтартпау шарасын қолдануды құлаққағыс жасайды.

Сондай-ақ, Ресейдегі федералдык пенитенциарлық қызмет өзінің мекемелерін сыртқы байланыстардан жабудың жолын таңдады. Өткен айдың ортасынан бастап коронавирусқа байланысты тергеу изоляторында және колониялардағы күндер алынып тасталды. Айдан соңында тергеу изоляторлары адвокаттардың айыптаушылармен жүздесуіне шектеу қойып, Мәскеудегі тергеу изоляторларының сегізінші жетеуі жаңа тұтқындарды қабылдауды тоқтатты.

Франция билігі коронавирустың кесірінен 6000-нан астам тұтқынды мерзімінен бұрын босатуға мәжбүр. Өйткені, француз түрмелеріндегі тұтқындар мен пенитенциарлық жүйе қызметкерлерінен жаппай коронавирус дерті оң нәтиже көрсетіп жатыр. Кейбір деректерге сүйенсек, елдегі Әділет министрлігі мерзімі аяқталған немесе денсаулығы нашар адамдарды мерзімінен бұрын босату жөнінде науқан ұйымдастырғанын арқасында түрмедегілердің саны анағұрлым азайған. Бүгінгі өзінде француз құқық қорғаушылары билік-



тен жазасын өтеуіне алты айдан аз уақыт қалған тұтқындарды жаппай босатуда.

Германияда да бірнеше жүз адам бостандыққа жіберілсе, Иордания, Судан, Бахрейн, Үндістан және Канада түрме тұрғындарының бір бөлігін босатуға шешім қабылдады. Себебі, наурыздың басында Италиядағы жаппай тәртіпсіздік өзге елдерге сабақ болғанға ұқсайды. Есте болса, өткен айда Италияда жабық мекемелердегі жазасын өтеушілер бүлік шығарып, кейбіреулер түрмелерден қашуға тырысты. Алайда коронавирусқа ең көп зардап шеккен ел билігі әлі де болса ауқымды амнистия жоспарларын жариялаған жоқ. Иран билігі болса шешуші шараларды қабылдауда шапшаңдық жасап, наурыздың өзінде ғана 200 мыңға жуық адамды бостандыққа жіберді. Олардың арасында көптеген саяси тұтқындар да бар. Бірақ бостандыққа шығушылар карантиннен кейін түрмелерге оралуы тиіс.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАСЫ КӨҢІЛ КӨНШТПЕЙДІ

Қазақстандағы коронавирустық індетке байланысты тұтқындардың кейбір тобын түзеу мекемелерінен босату керек. Белгілі адвокат Абзал Құспан жақында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа осындай мәтіндегі хат жазған. Себебі, «біздегі түрмелерде коронавирустың таралу қаупі жоғары» деген пікірде. Айтуынша, Қазақстандағы колониялардың көпшілігі халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. «Камералары ескі және тар. Екі адамдық камерада төрт адам, төрт адамдықта сегіз тұтқын тұрады. Барлығы бір камерада жеп, ішеді, дәретханаға барады, таза ауа, күн жоқ, санитарлық нормалар болмаған кезде тышқандар пайда болады. Осының бәрі түзеу мекемелеріндегі аурудың тез таралуына себеп болуы мүмкін», – дейді адвокат. Оның ойынша қылмысы жеңіл жазасын өтеушілерге рақымшылық жасалуы қажет. Бұл зейнеткерлер, жасөспірімдер және әйелдер болуы мүмкін. «Тергеу изоляторындағы адамдардың кінәсі әлі дәлелденген жоқ, оларға қарсы сот үкімі де жоқ. Сондықтан оларды үй қамағына жіберу керек», – деп санайды Абзал Құспан. Оның үстіне бұл шара мемлекет үшін экономикалық тиімді деп санайтынын айтқан қорғаушы: «Мемлекет күніне бір адамды түрмеден ұстау үшін төрт мың теңге жұмсайды. Егер 30 мыңға жуық адам босатылса, айына 3,6 млрд теңге немесе жылына 43,2 млрд теңге үнемделеді», – деп отыр. Адвокаттың айтқанын тіркелемеген оппозициялық «Алға» партиясының бұрынғы жетекшісі, Владимир Козлов растап, «Түзеу мекемелерінде дәрі-дәрмектің жетіспеуі туралы сенімді түрде айтуға болады. Гигиена сақталмайды. Бетперделер, антисептиктер жоқ, кейде сабын да болмайды», – дейді. Алматыдағы уақытша тергеу изоляторында отырған алматылық белсенді Юрий Малых: «Олар менде вирустың бар-жоғын тексеруі керек еді. Дәрігер кешкі алтыға дейін жұмыс істеді, мені ешкім тексерген жоқ. Қызметкерлер «Бәрі жақсы ма?» деп сұрады. Мен «Өзімді жақсы сезінемін» деп жауап бердім, сонымен бітім. Фельдшер тек келесі күні таңертең келіп, тексеруден өткіз-

ген болды», – дей келе, тергеу изоляторындағы қауіпсіздік шараларының төмендігін алға тартқан.

Халықаралық түрме реформасы (PRI) Орталық Азиядағы өкілдігінің орынбасары Жанна Назарова елімізде жазасын өтеушілерді босату туралы айтуға әлі ерте деп отыр. Ол үшін алдымен азаматтардың белгілі бір бөлігі уақытша жағдайда босатылса да, олардың орналасуы мен карантиннің сақталуына нақты бақылау болуы қажет.

БОСАТЫЛҒАНДАР ҮЙЛЕРІНЕ ДЕЙІН ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Алайда қоғамда айтылып жүрген алып-қашпа әңгімелерге сенуге әсте болмайтынын айтқан ҚАЖ комитеті төрағасының орынбасары, Әділет генерал-майоры Мейрам Аюбаев елдегі 82 түзеу мекемелерінде 29 мыңға жуық жазасын өтеуші елдегі төтенше жағдайға байланысты жақындарымен жүздесе алмаса да, телефонмен тілдесулеріне тосқауыл жоқ екенін алға тартты. Ол аз десеңіз, бейнебайланыс арқылы сөйлесулеріне жағдай жасалған. Бұл сотталғандардың туыстары тарапынан түсініксіз болмас үшін ұйымдастырылған. Сондай-ақ ҚАЖ комитетінде азаматтардың мәселелерін қарау үшін Call-орталық (8 (7172) 72-30-40) құрылып, оған сотталғандардың туыстары мен қорғалушылары өздеріне қажетті сұрақтар бойынша жүгіне алады. Орталықтың жұмысы басталғалы 180-ге жуық қоңырау келіп түскен.

Осылай деген Мейрам Ақатұлы бүгінгі күні сотталғандарды және жеке құрамды коронавирустық инфекцияны жұқтырудан қорғау үшін алдын алу шаралар кешені қабылданғанын алға тартты. Мәселен, ҚАЖ мекемелеріне кіру шектелген, оның ішінде туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуге тыйым салыныпты. Қабылданып жатқан шараларды мониторингілеу үшін ҚАЖ мекемелеріне баруға құқылы қоғамдық бақылау комиссиясының өкілдері мен ұлттық алдын алу тетігі мүшелерінің өзі мекемеге келуіне рұқсат жоқ.

Карантин кезінде мекемелерде жалпы білім беретін мектептер және кәсіптік колледждердің жұмыс істеуі тоқтатылған, ал ҚАЖ мекемелерінің аумағындағы кәсіпорындар мен кәсіпкерлік субъектілердің өндірістік қызметі қабылданған шараларды ескере отырып ұйымдастырылады. Департаменттер мен мекемелердегі санитариялық-эпидемияға қарсы талаптар жан-жақты қамтамасыз етілген. Айталық, әкімшілік ғимараттардың кіру топтарында арнайы құрылғыларды (байланыссыз термометр), дезинфекциялау және вирусты инфекцияларға қарсы арнайы жеке қорғану құралдары қолданылады. Дезинфекциялау жұмысы күшейтілген режимде тұрақты түрде жүргізілсе, маскамен қамтамасыз ету де алаңдауға еш негіз жоқ көрінеді.

ҚАЖ комитеті төрағасы орынбасарының айтуынша, мекемелердің аумағында тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сату бойынша үздіксіз жұмыс істеп жатқан дүкендердегі санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен маскалық режим ұдайы тексеріледі екен. Бірінші қажеттіліктегі тауарларды жеткізу үшін онлайн режимде тапсы-

рыс жасайтын электрондық дүкендер жұмыс жасайды. Сотталғандар және тергеу-қамауындағылар аш қалатындай күдік те негізсіз, себебі, мекемелерде екі айлық азық-түлік қоры бар. Бұдан басқа көктемгі кезеңде тағамға 50 мл аскорбин қышқылын қосу арқылы тағамдарды витаминдеу жүргізіледі.

«Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған сотталғандар бар. Алайда олардың төтенше жағдай кезінде үйлеріне жетуі белгілі бір қиындықтарды туғызуда. Қазір аумақтық департаменттер бұл мәселені әкімдіктер жанындағы жедел штабтармен пысықтап жатыр. ҚАЖ қызметкерлері мекемеден босатылғандарды үйлеріне дейін апарып тастайтын болады. Және олардың бәрі жеке гигиена құралдарымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, пробация қызметінің жұмысы онлайн-режимде жұмыс істеуде. Қызметкерлер есепке алынған адамдардың үйлеріне бармайды, тексеру бейнебайланыс арқылы жүргізіледі. Оларға тек шұғыл түрде, хабарсыз кеткенде ғана барады», – дейді ҚАЖ комитеті төрағасының орынбасары, әділет генерал-майоры Мейрам Аюбаев.

Ведомства басшысы орынбасарының айтуынша, мекемелердегі қазіргі жағдай тұрақты, коронавирустық инфекцияны жұқтыру жағдайлары анықталмаған. Барлық сотталғандар және тергеу қамауындағылар көп мәртептік қорғау маскаларымен қамтамасыз етіліп, олар күнделікті термиялық өңдеуден өткізіледі. Керісінше елімізде маскалардың жетіспеушілігіне байланысты мекеме кәсіпорындарында қорғанш маскалары мен комбинезондары тігілуде. Сондай-ақ, «Еңбек» ҚАЖ кәсіпорны гимаратқа кіретін адамдарды санитарлық өңдеу үшін есіктерге орнатылатын дезинфекциялық туннель әзірлеп жатқанға ұқсайды.

Материалдық-тұрмыстық жағдайлары да жаңартылып, халықаралық стандарттарға сәйкес камералық ұстауға біртіндеп көшу жүзеге асырылуда. Бүгінде осындай жеке камералық тоғыз мекеме бар. «Сотталғандарды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету жақсартылды. Бір сотталғанға – ерлерге –2,5-тен 3,5 шаршы метрге дейін, әйелдерге –4-ке дейін, ауруханалар және тәрбие колонияларында тиісінше 5 және 6,5 шаршы метрге дейін тұрғын үй алаңы нормаларының шаршы алаңын ұлғайттық», – деп отыр әділет генерал-майоры Мейрам Ақатұлы.

Адвокаттың ұсынысын қолдайтын айтқан үш баланың анасы Сара Тұрбашова: «Қауіпті індет күн сайын көбейіп жатқанда жазасын өтеп жатқан, абайсызда қылмыс жасаған аналарға кешірім бергені дұрыс-ақ. Анасының амандығы бостандықта қалған баласы үшін бәрінен қымбат. Бостандыққа шығуына аз қалған жемқор сотталғандарға көп мөлшерде айыппұл салып, рақымшылыққа жіберуге болады деп ойлаймын. Бірақ оларды мемлекеттік маңызды қызметтерге тағайындауға болмайды», – дейді.

Ал нұрсұлтандық тұрғын Ерсанат Қыдыржанұлы қылмыс жасағандарға қандай жағдай болса да кешірім беруге болмайтынын айтады. «Тергеу мекемелерінде отырғандарды үйге жіберу дегенге үзілді-кесілді қарсымын. Себебі, олар күнә жасап, қылмысқа барғанда түбі қайда баратындарын білді. Біреудің көз жасына қалса, ал біреуді ажал құштырды. Каратинге деп алып қайта қылмыс жасамасына кім кепіл? Шетелдерде уақытша бостандыққа шығарылғандарды бақылау күшті. Ал бізде сотталғандарға тағылатын электрондық білезік түгілі электрондық үкіметті қарық қылғанымыз шамалы. Сондықтан түрмеде отырған туысқандарына жаны ашыса, жақындары қажетті қауіпсіздік құралдарын өз қалталарынан шығарсын. Рақымшылықтың соңы карантиннен кейін қылмыстың артып, педофилдер мен ұрық-қарлықтың көбеюіне әкелмесін», – дейді Ерсанат Қыдыржанұлы.

«Сен құрметте оны!»

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 75 ЖЫЛ

«Сен құрметте оны, Түсіндің бе, қарағым! Ол ақшаға сатқан жоқ, Тізеден кесіп аяғын. Ерікнен ұстап та жүрген жоқ, Қолтықтағы ұзын таяғын. Кеше елге қатер төнгенде, Ол жауға қарсы шапты. Бізді жалмамақ болған ажалды, Ол кеудесімен қақты. Ол арыстанша алысты, Өлім соққысын өз үстіне алды. Денесін оқ пәршелесе де, Ел намысын қорғап қалды. Сен құрметте оны! Түсіндің бе, қарағым? Сенің келешегің үшін берді ол,

Азаттық жолында аяғын!», – деп ақиық ақын Әбу Сәрсенбаев толғана төкпелеп, жыр арнаған тағы бір майдангердің рухына бас ие отырып, өмір дерегінен сыр суыртпақтадық.

Ұлы Отан соғысының ардагері Қабдолла Нұрғалиев 1914 жылдың 5 қаңтары күні Орда ауданының Жетібай ауылында дүниеге келді. Ата-анасы кедей шаруалы адамдар болса керек. Әкесі Нұрғали Төребаев 1917 жылы науқастанып қайтыс болса, анасы Қазиза Төребаева 1927 жылы өмірден озады. Жастай жетімдіктің керемек дәмін татқан Қабдолланың отбасында үш апасы мен жалғыз қарындасы болған. Алғашқыда үш жылдай ауыл молдасынан мұсылманша сабақ алған, араб әліпбиін өте жақсы меңгерген Қабдолла Құранның аяттарын жатқа біліп, Құран кітабын өте жақсы оқыған екен. Бірақ сонау атеистік саясаттың мызғымаған уақытында осынау құпиясын ешкімге білдіртпей, жасырын ұстаған. 1933 жылы Орда ауылына көшіп келген Қабдолла 1934 жылы Қадидша есімді бойжеткенмен отбасын құрған. Зайыбы Қадидша Нұрғалиева 1942 жылдан бастап Крупская атындағы балалар үйінде тәрбиеші болып

жұмыс жасап, зейнеткерлік жасқа жеткенше Жәнібек ауданының орталығындағы Абай атындағы мектеп-интернатында қарапайым жұмысшы болып қызмет атқарды.

Қабдолла Нұрғалиев жиырма жасына дейін науқастануына байланысты жұмыс жасамаған, ал, 1934-1938 жылдары Орда ауданының Сайхын ауылдық кеңесіне қарасты Сталин атындағы ұжымшарда есепші және қойма меңгерушісі болды. 1938-1942 жылдар аралығында кіші милиция шенінде Орда аудандық Ішкі Істер халық комиссариатында қызмет атқарған. 1942 жылдың қыркүйек айында Қызыл Армия қатарына шақырылған Қабдолла Нұрғалиев 173-інші артиллериялық полк сапында ІІІ Украин майданындағы ұрыстарға қатысқан. Соғыс барысында үш рет жарамсыз болуына байланысты 1944 жылы шілде айында әскерден босатылады. Әскерден оралған соң сол жылы Орда ауданының халық комиссариаты мемлекеттік қауіпсіздік бөлімінің милициясы болып қызметін жалғастырады. Орда ауданында 1952 жылдарға дейін осы қызметті атқарып, кейін жұмыс бабымен Жаңақала ауданы Жаңа Қазан ауылына қоныс аударады. Жаңақала ауданында 1961 жылға дейін қызметін атқарып, Жәнібек ауданының ішкі істер бөліміне старшина шенінде қызметін атқаруға келеді. Аталмыш аудандардағы ішкі істер бөлімінде Хален Махауов, Гиният Минажев, Қыдыраш Алтаев,

Сәлімгерей Қажекенов, Хамза Кереев, Қадырболат Ғаббасов сынды өз ісінің мамандары атанған еңбекқор жандармен қызметтес болады. Ішкі істер органында 29 жылдан астам еңбек етіп, 1969 жылы зейнеткерлік демалысына шықты. Майдангер Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін ІІ дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «КСРО Қарулы Күштеріне 50, 60 жыл», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20, 40 жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Айбынды еңбегі үшін», «Кеңес Армиясы мен Флотының 30 жылдығы», «Кеңес милициясының 50 жылдығы», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен және «Милиция үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Зейнеткерлікке шыққанымен сергек қария еңбектен қалмай, бау-бақша салып, шөбін орып, малын бақты. 1989 жылдың 20 тамызында дүниеден озды.

Немересі Анаргүл абзал атасы туралы былай дейді: «Атам кезінде соғыс туралы көптеген әңгімелер айтушы еді, бірақ, өкінішке орай, қағаз бетіне түсіріп алмаппыз. Өз білімін әрдайым көтеріп отыратын, жадының мықтылығы соншалық, жер шарындағы мемлекеттердің астанасын, басысын, халық санын, жер көлемін бес саусақтай білетін. Ардақты атамыз Нұрия, Бакия атты қызы мен Сәбит атты ұлын тәрбиеледі. Нұрия апа ұзақ жылдар бойы Т. Жароков атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарса, Бакия апа медицина саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етті, әкем Сәбит инженерлік мамандықты игерді. Нұрия апаның ұлдары Бауыржан кеденші, Әділжан, Нұржан, Жасталап заңгер маман-

дығын игеріп, атамның ізін басып, құқық қорғау саласында қызмет атқаруда. Бакия апаның қос қызғалдағы Гүлмира мен Гүлнұр жеткіншектерді біліммен сусындатуда. Әкеміз Сәбиттің тұңғышы менің мамандығым – экономист, Айнагүл эколог, Айгүл ветеринар, Айкөркем заңгер ретінде өз еңбегінің нәрін терудеміз. Атам жұмысына адал, тиянақты, жауапкершілігі мол, дос-жаранға қамқор адам болды».

«Бұл Жеңіс – бүкіл соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен рухының жеңісі. «Ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешіп», .Отан үшін отқа түскен өршілдік пен елшілдіктің өшпес айғағы, аталарымыз бен аналарымыздың тылдағы маңдай терінің арқасы.

Міне, содан бері талай ұрпақ жаңғырып, заман жаңарды. Әйтсе де, соғыс табы әлі де толық жойыла қойған жоқ. Қайта сол соғыстағы Ұлы Жеңістің айбыны алмастай жарқырап, арта түсті. Ол да болса бейбіт заман, берекелі тірліктің жемісі. Қазақ қазақ болғалы қаншама сұрапылды, зар заман, зулатты көрді. Осынау сайын даланы қорғап қалған бабаларымыз да, сол даланың сай-төбелеріндегі сан мыңдаған мазарлар да – жанкешті шайқастардың, жарқын жеңістердің куәсі. Дана халқымыздың даңқты шежіресі, еліміздің тағылымды тарихы», – деп тарих ғылымдарының докторы, академик Тілеу Көлбаев айтқандай, қан қасап майданда ерлік көрсетіп, елін қорғап, бейбіт өмірде «Ең алдымен ел қамы, содан кейін қалғаны» деген ұстаныммен адал еңбек етіп, қоғам мен отбасының алдында азаматтық парызына қылау түсірмеген Қабдолла атаның есімін елі ұмытпасы анық.

Мендігүл ФАЗЫЛОВА,

ҚР Журналистер одағының мүшесі, Батыс Қазақстан облысы

Тыл еңбеккерлері құрметке лайық

Адамзат тарихында Ұлы Отан соғысы ең сұрапыл әрі қантөгісті шайқастармен ерекшеленген аса ауыр әрі қасіретті оқиға ретінде қалары сөзсіз. Бейбіт өмір жолында қан төгіп, жарқын болашақ үшін өмірлерін құрбан еткен жауынгерлердің қаһармандығымен қатар, тылдағы еңбеккерлердің жанкештілігі де өскелең ұрпақтың үлгі тұтып, өнеге аларлық іс екендігін естен шығармаған абзал.

Мақабек Сейфолла Зайтенұлы соғыс жылдары еңбек армиясының жұмыс істеді. Соғыстан кейін орта мектепте білім алып, әскер қатарына шақырылды. Әскерден оралғаннан кейін Павлодар индустриалды институтына оқуға түседі. Содан кейін 1965 жылдан 1972 жылға дейін №21 үй құрылысы басқармасының бас инженері, бастығы қызмет атқарды. 1967 жылы Екібастұз әскери комиссариатынан

Еңбек демалысына шыққан соң №1 МАЭС-те Азаматтық қорғаныс штабының бастығы лауазымында жұмыс істеді. «ІІМ еңбек сіңірген қызметкері» медалімен, үш дәрежелі медальдармен марапатталған. 2018 жылы 80 жасқа толуына байланысты «ҚР ІІМ құрметті ардагері» төс белгісімен марапатталды.

Геннадий Иванович Божко 1933 жылы 30 тамызда Новосібір облысы Здвин ауданының Нижний



Павлодар облысы Ішкі істер бөліміне қарасты АП-162/6 мекемесіне өндіріс инженері лауазымына жіберілді. 1989-1992 жылдары Павлодар облысы №51 өрт сөндіру қызметі бөлімінің әскерлендірілген өрт сөндіру бөлімінде еңбек етті.


Челым ауылында дүниеге келген. Соғыс жылдары туған ауылында әр түрлі салада еңбек етті. 1970 жылдан бастап 1995 жылға дейін өрт сөндіру машинасының жүргізушісі болып жұмыс істеп, құрметті демалысқа шықты. «Еңбек ардагері» медалі



және екі мерейтойлық медалі бар.

Таубаев Ақатай Қайырбайұлы соғыс кезінде Новосібір облысының «Талапты» колхозында түрлі салада еңбек етті. «Тәулігіне 14 сағат жұмыс істеді: жер жырттып, дән егіп, астық жинадық» деп еске алады ардагер. Соғыс жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін Ақатай Таубаев «1941-1945 ж.ж. ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 1957 жылдан 1991 жылға дейін Ақатай Қайырбайұлы Павлодар облысының Өрт сөндіру күзетінде жұмыс істеді. Еңбек жолын қатардағы жауынгер ретінде бастап кейін бөлімше командирі, қарауыл бастығына дейін көтерілді. Көптеген марапаттармен, соның ішінде «Өрт күзетінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 2019 жылдың желтоқсанында ардагер 90 жылдық мерейтойын атап өтті.

Григорьев Александр Николаевич 1936 жылы 30 қарашада



Көкшетау облысы, Арық-балық ауданының «Имантай» ауылында дүниеге келген. Соғыс жылдары барлық балалар сияқты, колхозда ауыр жұмыста еңбек етті. Соғыс аяқталған соң Щучье тау-кен металлургиялық техникумын аяқтап, арнайы орта білім алды. 1959 жылдың ақпанынан бастап Екібастұз көмір разрезінде тау шебері, 1997-2003 жылдары Екібастұз техникалық инспекциясының инспекторы болып еңбек етті. Томск инженерлік-құрылыс институтын өндірістен қол үзбей аяқтады. 1997 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Республикалық тау-кен техникалық инспекциясының учаскелік инспекторы қызметін атқарды. Қазіргі уақытта Екібастұз қаласында тұрады.

Қ. АСҚАРОВА, Павлодар облысы ТЖ бөлімшелері Ардагерлер кеңесінің төрағасы

ТЖ шығармашыл балалардың көзімен

Өрттің пайда болуының негізгі себептерінің бірі – балалардың отпен ойнауы, сондықтан өрт қауіпсіздігі бойынша шаралар ең алдымен білім ошақтарында өткізіледі.

Ерлан СЕМБЕКОВ,
Қостанай облысы



Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында Қостанай облысының Төтенше жағдайлар департаменті білім басқармасымен бірлесіп, облыстың мектеп, кәсіби лицейлер мен колледж оқушылары арасында «Мен және ТЖ» атты балаларға арналған шығармашылық конкурсы өткізілді.

Конкурс екі кезеңнен тұрды және төрт номинация бойынша жүргізілді: шығарма, сурет, макет және презентация. Үздік жұмыстар облыстық кезеңге жолданды.

Балалар қызықты және әр түрлі жұмыстарды ұсынды. Атап айтқанда, олар өрт сөндіру ғимарат-

тары мен көліктердің суреттерін, макеттерін, мата қалдықтарынан жасалған бұйымдарды ұсынып, әдеби-сахналық шығармалар мен басқа да өнерлерін көрсете білді. Көрнекі шығарма арқылы балалар төтенше жағдайлар жайлы, яғни өрт кезінде, қар көшкіні жүргенде, су тасығанда, жер сілкіністерінде, қарлы борандарда әрекет ету бойынша өздерінің ойларын білдірді.

Ағымдағы жылдың 24 сәуірінде Қостанай облысының ТЖД «Үздік сурет» және «Үздік макет» номинацияларын қорытындылап, үздік жұмыстар жәрмеңкесін жүргізді.

Өткізілген байқау кезеңдерінің қорытындысы бойынша «Макет» номинациясы бойынша 1-орын Қостанай ауданының оқушысы Мұқаш Аяулымға, 2-орын Қарасу ауданының оқушысы Трубникова Викторияға, 3-орын Жігітқара ауданының оқушысы Жүнісова Амираға, «Сурет» номинациясы бойынша 1-орын Қостай ауданының оқушысы Тұрлабекова Дильнураға, 2-орын Алтынсарин ауданының оқушысы Досқали Гүлдинаға, 3-орын Жігітқара ауданының оқушысы Ахмағамбетова Айсұлуға бұйырды.

Оразаның пайдасы ұшан-теңіз

Қасиетті Рамазан айында ораза ұстаудың пайдасы ұшан-теңіз. Ауыз бекітудің рухымыздан бөлек, деніміздің саулығына да тигізер әсері зор. Сондықтан ғалымдар да жыл бойы тамақ ішетін адамның отыз күн ораза ұстауын құп көріп отыр.

Жансая ҚАМБАР,
Нұр-Сұлтан

Дәрігерлер қазіргі кезде кең тараған қант ауруын емдеу үшін де 10-15 күн ауыз бекітуге кеңес береді. Бұл уақытта ұйқы безінің демалу процесі жүреді.

Оразаның адам ағзасындағы майларды ерітіп, метаболизмді жақсартуға да көмегі зор. Сондай-ақ тамақ ішуден 14-16 сағатқа тыйылатындықтан, ағзадағы керек емес жасушаларды жою процесі де жүзеге асады. Есте сақтау қабілеті артады. Ораза ұстау холестерин мөлшерін бәсеңдетіп, қан қоюлануының алдын алады.

Нобель сыйлығының лауреаты болған ішкі ағзалар бойынша білікті француз дәрігері Алексис Каррель өзінің «Белгісіз адам» еңбегінде ораза ұстаудың ағзаға пайдасын атап өткен.

«Адамдар барлық ғасырларда ораза тұтқан. Сондай-ақ барлық діндер ас-судан тыйылып, ауыз бекітуге шақырып келген. Адам ауыз бекіткенде ең бірінші аштық, содан соң әлсіздік сезінеді. Кейде

осының әсерінен адам қобалжуы да мүмкін. Бұл сыртқы жағдайлар, бірақ ішкі организмдегі құбылыстар бұдан әлдеқайда маңыздырақ. Себебі бүйректің қант, тамақ қоса терінің астында сақталған майлар қимылдап ериді. Ал ішкі ағзалар мен жүрек бірқалыпты жұмыс істеуі үшін барлық организм өзінде сақталған қордан қажетті энергия жұмсай бастайды. Бұл – болашақта адам ағзасының жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз етеді», – дейді дәрігер өз еңбегінде.

Шынында, оразаның бастапқы күндері қарныңыз ашып, әлсіздік сезінуіңіз мүмкін. Бірақ көп ұзамай ағза аштыққа үйреніп кетеді. Тек ауыз ашқан соң асқазанға ауыр болатын майлы тағамдарды бірден жеуден бас тарту керек. Өйткені ол әрекетіңізден денсаулығыңызға зиян келтіресіз. Оразада ағзаны барынша құнарлы аспен аз тамақтануға үйреткен абзал.

Оразада денсаулықты оңалтуға болатыны өтірік емес. Десе де, мұсылманның таңнан кешке дейін ауыз бекітудегі ниеті ағзаның саулығы үшін емес, Алла разылығы үшін екенін естен шығармағысыз.



Аңызға толы Айрақты

Былайғы жұрт Маңғыстауды құла дүз, қу медиен дала деп ойлайды.

Сондай-ақ олар бұл өңірді сұрғылт та сұрқай, сүреңсіз жер деп көзге елестетеді.

Бұрын мұнда болмаған жандар үшін ол жысырған жел мен құм суырған боранның өті сияқты әсер қалдырады.

Жоқ, Олай емес.

Біле-білген жанға Маңғыстау өзге аймаққа ұқсамайтын ерекшелігімен есте қалатын тарихы да, шежіресі де бай өңір.

Көрер көз болса, бұл жерде қайталанбас құбылыс, сезімді селт еткізер сұлулық та молынан бар. Мұның бәрін сен тек жанарыңмен ғана емес, жүрегіңмен түсініп, жаныңмен қабылдай білуің керек.

Біздің бұл сөзімізге Маңғыстаудағы Қарақия ойпаты, Тамшылы шатқалы сияқты ғажайып жерлер анық дәлел.

Біздің бұл пікірімізге жартастарды қашап жасаған жерасты үйлері, ғасырлар бүйгесінен озып келген мәңгілік ұйқыдағы некропольдар толық айғақ.

Мысалы, мынау өздеріңіз көріп отырған Айрақты тауын сұлу, ғажап көрініс емес деп кім айта алады? Ол осы Маңғыстаудағы Шетпе елді мекенінен 15 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұл жерді осындағы көнекөз қарттар Иір ойы деп те айтады екен. Айтса айтқан-

дай, оның бұлың-бұлың бөктерлері мен иыр-қиыр өзектері ақбөкен, арқар секілді аңдарға атам заманнан таптырмайтын мекен болған. Қазірде де солай. Биіктігі 350-400 метрден аспайтын бұл бор таулардың беті неше түрлі шимайлы суреттерге де толы. Сондықтан да болар, оны кезінде пиктограф ғалым Алан Медоев өзінің зерттеу объектісіне айналдырып, артында қызықты тұжырымдарға толы кітап қалдырған.

Айрақты тауындағы назар аударатын нәрсенің бірі – «Ораз ұшқан» шоқысына қатысты аңыз дер едік. Осы өңірге есімі белгілі болған ел ағасы Ораз Оңғалбаев сонау жиырмасыншы жылдары бір ғалыммен бәстесіп, шоқының басынан үстіне етегі делдиген шапанымен парашют сияқты төменге қарай құлдилаы. Содан аман қалыпты деседі білетіндер.

Бұл тау туралы бұдан басқа да аңыздар өте көп. Бізді қызықтыратыны – оның сұлулығы. Табиғаты қанша қатал болса да, Айрақты ғажап көрінісімен елді таңғалдырмай қоймайды. Жергілікті жердің адамдарын ынтықтырып, махабатын оятып тұрған да оның осы қасиеті болар, сірә...

Жанболат АУПБАЕВ,
Егемен Қазақстан

ЭМОЦИЯҢЫЗДЫ БАСҚАРЫП ҮЙРЕНІҢІЗ

Адам өмірі эмоцияға толы. Эмоциялар адамды жаңа белесті бағындыруға, тәуекелге итермелейді, реніштен жылатады, махаббат үшін өзіңді құрбан еткізеді. Эмоциямызды сыртқа шығаруға ойларымыз ғана емес, ақылды жеңіп шығатын ниет пен әрекеттеріміз де еріксіз мәжбүрлейді. Ашу, өкпе, қызғаныш сынды жағымсыз эмоциялар көбіне бақылаудан шығып, өмірімізді қиындатып жіберетін кездері болады.



Сондықтан бір сәттік эмоцияларға тосқауыл қою маңызды. Көбіне адамдар қандай да бір әрекетке, сөзге, оқиғаға қатысты алғашқы, бір сәттік эмоцияларына өкініп жатады. Мұны психологтар «триггерлер» деп атайды. Абайсыз айтылған сөз, ойластырылмаған әрекеттер, албырттықтан туатын барлық жағдайды бірнеше секундқа басқаруды үйрену керек. Ол үшін арнайы амалдар қарастырылған. Солардың бірі тыныс алумен байланысты. Эмоция мен тыныс алудың қандай байланысы бар? Өйткені, эмоционалдық іс-әрекеттер тек баста «туындамайды», қызу реніш үстінде қанда түрлі гормондар арпалысып жатады, жүрек соғысы жиілеп, қан қысымы көтеріледі. Эмоцияның физикалық білінуін бақылауға ала алсаңыз, ашу, үрей, қозу, абыржуды тоқтата аласыз.

Осы орайда тыныс алуға мән берген дұрыс. Өйткені үрей тез тыныс алып, баяу дем шығарумен байланысты, ашу дірілдеп тыныс алып, шығарумен білінеді, ал қуаныш пен тыныштықта адам баяу және еркін дем алады. Сондықтан эмоцияңызды басқару үшін терең тыныс алыңыз, кейін баяу деміңізді шығарыңыз. Тыныс алуды 5 секундқа кідіртіңіз де, диафрагмаңызға барынша назар аударуға тырысып, баяу дем алыңыз. Кеудеңіз ауаға толғанып сезініп, 20-ға дейін санап, баяу деміңізді шығарыңыз. Жағымсыз эмоцияларды

тоқтату үшін әр дем шығарған сайын олар қара будақталған бұлт сынды денеңізден шығып жатқанын елестетуге болады. Эмоцияңыз толықтай сіздің басқаруыңызға өткенше дем алудың осы түрін қайталай беріңіз. Эмоцияңызға тосқауыл қоя алған соң, оның лайықты түрде шығуына ықпал жасаңыз. Егер сіз сезімдеріңізді басып, тыйып отырсаңыз, ерте ме, кеш пе құрған тоғаныңыз құлайтыны сөзсіз. Ал жиналып қалған эмоция долы күшпен шыққанда, ешқандай бақылауға көнбейді. Мұндай ағынның жетегіне еретін адамдар ашу қысқанда бір сәт естерін жоғалтып, күйінішті жағдайлар тудыруы мүмкін.

Бұл олқылықты болдырмау үшін ашу, ыза, реніш, қызулықты әдепті түрде шығаруға тырысыңыз. Сізді түсінетін досыңызға хабарласыңыз, онымен кездесіп, сезіміңізді сипаттап, оқиғаның мән-жайын баяндаңыз. Физикалық жаттығулар арқылы да эмоцияны шығаруға болады. Тіпті әуеннің ырғағымен секіріп билеп, айқайлап алу да көмектеседі. Көз жасына ерік бер деген кеңес те жарайды. Егер ішіңізде агрессияны сезінсеңіз, күшпен сынасатын спорт түрлерін таңдаңыз.

Қорқыныш, көңілсіздік, үрей сияқты сезімдерден арыла алмай жүрсеңіз, бойыңызды серпілдетіп, қуаныш пен тыныштық сыйлауға көмектесетін әрекеттерді іске асы-

руға тырысыңыз. Аспаздықпен айналысыңыз, ән тыңдаңыз, сурет салыңыз, медитация жасаңыз немесе жәй ғана жақсы кино көріп, кітап оқуға болады. Әр адамның жеке ықыласы мен физиологиялық әрекеттеріне байланысты әркімнің бұл тұрғыда өз амалы бар, біреулер медитация жасап тынышталса, біреулер паркте жүгіріп, тынышталады.

Сезіміңізге тоқсауыл қойған соң және оны біреумен бөлісіп, басқа арнаға ауыстырғасын сіздің эмоционалдық триггеріңізді оятатын, яғни қызуқандылығыңызды оятатын «батырманы» іздеуге тырысыңыз. Көбіне қате тұжырымдар жағымсыз эмоциялар тудырады. Мысалы, біреу сіздің сөзіңізді немесе ісіңізді жөндегенді ұнатпауыңыз мүмкін, өйткені бірдені дұрыс жасай алмайтындарды өзгелер дұрыс қабылдамайды. Бірақ әрдайым мінсіз болу мүмкін емес қой, соны есіңізден шығармаңыз. Біреулер қолдауға зәру болып, ренішін білдіреді. Эмоцияны басқара алу – эмоционалды интеллектісі дамыған адамның басты қасиеті.

Бұлдіру мен қиратуға негізделген ойлардан қашыңыз. Өз эмоциясын басқара алмайтын адамдар көбіне төменде келтірілген тұжырымдарды басшылыққа алады:

- бәрін алу немесе ештеңе алмау; бәрін мен кінәлі; адамдар менің сезімдімі біледі; жаман пікірлер ғана ақиқат.
- Физикалық денсаулық сияқты эмоционалдық денсаулық та маңызды. Егер жүдеп кетсеңіз, уланған болсаңыз, жағымсыз ортада жүрсеңіз, демек ауырып жүрсіз. Өзіңізді бақытсыз сезінсеңіз, зорға жүрсеңіз, жағымсыз эмоциялар бөлінетіні сөзсіз. Емделу үшін «психологиялық гигиена ережелерін» ұстану қажет. Жеке шекараңыз белгіленген, өз айналаңызда қауіпсіз орта тудыруға тырысыңыз: біліктілігіңізді көрсете алатын іс, өзіңізге сенімділігіңізді арттыратын жұмыс табыңыз.

Өміріңіз өз бақылауыңызда екенін біліңіз және сіз ортақ әлемнің бір бөлшегісіз. Бірақ соған орай эмоционалды сезімдеріңізді шығара алатын, жаныңызға жақын кішкентай «әлеміңіздің» болғаны дұрыс. Сонда ғана тоқырау мен зергудің алдын аласыз.

Дайындаған: Жансая ҚАМБАР

ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС

Бас директор Махаббат СӘДУАҚАСОВА

РЕДАКЦИЯ: Бас редактор Тоқнияз КУЧУКОВ Бас редактор орынбасарының м.а.: Гүлсім БЕГТМОВА Тілші: Жансая ҚАМБАР

Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: Қайсар ЗАКИРАЕВ

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді

- Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Коллажға рецензиялабайды және авторға қайтарылмайды
- Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
- Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
- Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
- Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Индексі: 65395 Таралымы: 9 133 Тапсырыс: № 493

Корректор: Айна ӨТЕБӨЛІ Фототілшілер: Медет ӘШІРБЕКОВ, Қуанышбек ДҮЙСЕНБЕКОВ

«Алматы – Болашақ» АҚ Алматы қаласы, Алматы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В тел: 8777-163-12-39 Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕРІ: ИИК – KZ74856000000147459 БИК – KСЖВЗКХ БИН – 051040005963 КБЕ-16 «БанкЦентрКредит» АҚФ РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А. Телефон: 8 (7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110 www.mediaovd.kz Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz

Нөмірдің кезекшісі: Гүлсім БЕГТМОВА